

газет қосымшасы



BILIM  **AINASY**



АҚПАН - ФЕВРАЛЬ 2025



**«ДОСБОЛІКЕ» БАҒДАРЛАМАСЫ
АЯСЫНДА 10 МЫҢНАН АСТАМ ОҚУШЫ
МЕН ПЕДАГОГ САУАЛНАМАҒА ҚАТЫСТЫ**

<https://bilimainasy.kz>

«Білім айнасы» 2025 ж.

«Білім айнасы» газетінің қосымшасы ақпан 2025 ж. №3 (71-855 - журнал)
Приложение к газете «Білім айнасы» февраль 2025 г. №3 (71-855 - журнал)

Қазақстан Республикасы ұстаздарының ашық сабақтар, баяндама, сценарийлер жиынтығы.

Разработки уроков, занятий и внеклассных мероприятий, сценариев, докладов учителей РК.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігі Ақпарат және Мұрағат комитетінде №14080-Г, 30.12.2013 жылы тіркелген.

Поставлен на учет в Министерстве Культуры и Информации Республики Казахстан, и в Комитете информации и Архивов за №14080-Г от 30.12.2013 г.

Аты: «Білім айнасы» республикалық ғылыми-танымдық газеті.

Название: Республиканская научно-познавательная газета "Білім айнасы".

Тілі: қазақша, орысша.

Язык: казахский, русский.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім саласына арналған танымдық газет.

Основное тематическое направление: научно-познавательная газета для образовательной сферы.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Территория распространения: Республика Казахстан

Редакция авторлардың пікірімен келісе бермейді. Сөздік, басқа да мәселелер бойынша авторлар өздері жауапты.

Мнение авторов и редакции может не совпадать. Ответственность за опубликованный материал несет сам автор.

Астана, 2025 жыл

Мазмұны:
Содержание:

1. Арынова Г.У. – Қалдырған ізің мәңгілік.....	3
2. Жумагалиева Г.У., Демеуова И.Ж. - Білім алушылардың шығармашылығындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру әлеуеті.....	6
3. Хасенова Р.Б. - Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша функционалдық сауаттылықты арттыруға арналған қалыптастырушы бағалау тапсырмалары.....	9
4. Утепова А.Н. - Баланың жеке ерекшеліктеріне байланысты тілін дамытудың жеке құралдары мен дамыту әдістері.....	13
5. Базарова А.Т. - Қыз балаларды әсемдік пен сұлулыққа баулу.....	17
6. Кадымбаева К.Б. - Дидактикалық ойындар арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту.....	19
7. Kagazova A.S. - A story about a party.....	22
8. Шақубаева Б.Т. - Комбинаторика и вероятность событий.....	25
9. Наурызбаева М.А. - Анаға қарап қыз өсер.....	27
10. Мұхит Н. - Құтты болсын, жаңа жыл.....	31
11. Алимшеева Э.Б. - Көркем еңбек сабағында оқушылардың шығармашылығын дамыту.....	35
12. Абильдинова О.Б. - Музыкальный квест-игра Волшебные звуки домбры.....	38
13. Кустаубаева К.Н. - Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті мамандарына әдістемелік көмек.....	44
14. Батырова А.О. - Мектеп жасына дейінгі балалардың зейінін дамыту.....	46
15. Сапарбаева С.М. - Ұлттық тәрбие мен патриотизмді бастауыш сыныптан бастап дамыту.....	48
16. Сапарова М.О. - STEAM білім беру жүйесінде ағылшын тілінің рөлі.....	49
17. Айгараева Н.С. - Ғаламтор туралы ойларым. Аман мен телефон.....	51



Арынова Гульнара Уалихановна,
Павлодар қаласы Олимпиадалық резервтің
мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қалдырған ізің мәңгілік...

Дәуірдің ерекшелігін айқындайтын, заман келбетіне айналған, ғұмырын педагогиканың жаңаруына арнаған ұстаз- Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева 1945 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Комсомол ауылында дүниеге келді. 1968-1980 жылдары мұғалім болып қызмет істеген. 1976 жылы Мәскеуге барып, академик Ю.К. Бабанскийге жолығып, «Оқу-тәрбие жұмысын оптималдандыру» туралы жоспарына жоғары баға алып, Ленин атындағы орта мектептің жұмысына оптимизация идеяларын кіргізе бастады. Қанипа Омарғалиқызы 1991 жылы іс-сапармен Американың Аризона штаты, Тусон қаласында болып, іс-тәжірибе таратты. «Тусон қаласының құрметті азаматы» болды. Іс-тәжірибесімен Моңғолия, Қытай, Өзбекстан, Түркменстан, Ресей қазақтары да таныс.

Көзі тірісінде-ақ «Қазақтың Хан апасы» атанып, аты аңызға айналған ұстаз, ұстаздардың ұстазы, халық мұғалімі, бірегей әдіснамалардың авторы, ұлттық педагогика тарихында өз орны бар тұлға. «Құрмет» орденінің иегері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты- Қанипа Бітібаеваның ұстаздық еткен өміріндегі алар орны ерекше. Оған дәлел- Қанипа Бітібаева – 44 кітаптың, 10 естеліктің, 150-ден астам ғылыми мақала мен 8 мыңдай дидактикалық материалдардың авторы. Ұлағатты ұстаздың қазақ тілі мен әдебиеті бойынша әзірлеген авторлық бағдарламасы республикалық ғылыми-методикалық зертхананың негізі болды.

Кембридж тәсілінің 7 модульдің бірі-сыни тұрғыдан ойлауға үйрету модулі Қ.Бітібаеваның **«өмір сабағы, өнер сабағы, ой сабағы, ойлану сабағы»** деп білетін әдебиет пәнін оқыту тәсілдері оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға, оқу материалдарын сараптауға, өзіндік көзқарасын қалыптатыруға жетелейді. Қанипа апамыздың **оқушыларға ой салу, ойланту, ойландыру қағидасы** өміршең өзектілігімен таңғалдырады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында осы қағидаларын өзінің шеберлігімен жүзеге асырған. Осы пәндерді оқыту барысында оқушылардың қабылдау психологиясына айрықша ықпал жасаған инновациялық-әдістемелік жаңашылдығымен оқытуда үздік нәтижелер көрсетіп отырған. Бұл әдісті пайдалану кезінде мұғалім **өмірден алынған мысалдар арқылы** оқушыларды ғылыми мәселелерді шешуге шақырады. Әдіскер Қ.Бітібаева оқушының білімін шығармашылық деңгейге көтеру жолдарын ұсынады. Көзбе-көз әңгіме, ойлы сұхбат, пікір еркіндігі, оқушының білімді өз еңбегімен алуына жағдай жасау, оқу жүйесін тереңдете беру, оны игертудің тиімді жолдарын іздеу — ұстаздың басты ұстанымы. Әдіскер ұстаздың әдебиетті оқыту ұстанымы ой салу, ойлау, ойланту, бір шешімге келу пәлсапасынан тұрады. **Ой салу — ұстаз тарапынан, ойлану — шәкірт тарапынан, ойланту – (ойлауы жетіспей жатқан оқушыға түрткі жасап, ойлантуға алып келу) ұстаз тарапынан, бір шешімге келу – оқушы тарапынан алма-кезек өріліп отырады.** Бұл технологияда әдеби айтыс, пікірлесу, диалог әңгіме, проблема шешу, іздену сияқты өнімді әдіс-тәсілдерге бару – басты шарт. Ұстаздың жаңа сабақ түсіндіру технологиясы оқушылардың **өз бетімен**

ізденуіне, зерттеу жұмысына негізделеді. Оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім жасауға бағыттау – ұстаз технологиясының ең негізгі алтын дінгегі. Ұстаз өтілетін жаңа тақырыпты, алдын ала тапсырма арқылы *ой тастатқызып, сабақтың өн бойында ойланту арқылы мақсатқа жетеді*



Бітібаеваның әдебиетті оқыту технологиялары — баланы ізденімпаздыққа, өз бетімен білімін жетілдіруге, өзінің ішкі мүмкіндіктерін тануға жетелейтін озық әдістер мен тәсілдер. Қазіргі таңда қолданыста жүрген *«модель», «жоба», «бағалау парағы», «постер жасау», «мига шабуыл», «технологиялық карта» терминдері ұстаз еңбегінде, оның білім беру әдіс-тәсілдерінде ертерек орын алғанын аңғарамыз.*

Қ.Бітібаеваның пәнді оқыту технологияларының құрылымын мынадай жүйеде қарастыруға болады:

-Проблемалық ситуация қою технологиясы. Оқушы өз бетінше жұмыс жасауға дағдыланады.

-Жеделдетіп оқыту технологиясы. Алдын ала тапсырмалар жүйесінен тезис жасап жоспарлау. Әртүрлі сабақтар өткізуге болады: семинар, пікірталас сабақтар...

-Ұжымдық оқыту: сабақ түрлері топтық жұмысқа негізделеді. -Шығармашылық жұмыстарға баулу: мұғалім ізденуші тапсырмалар жүйесін құрайды. Қарсы пікір айтып, дәлелдейді, ғылыми конференция сабақтар ұйымдастыруға болады.

Қ.Бітібаева әдеби талдаудың негізгі бағыттарымен тәсілдерін де көрсетіп берген.

1.Көркем туындыдағы жазушының ойына көз жүгірту. Әдеби талдау үшін сол шығарманың жазылуымен баяндалу тарихи негізіне назар аудару. Суреткер осы

шығармасын не себептен қандай жағдайға байланысты жазған, оны жазуға не итермелеген, сол туралы балаға көп мағлұмат беруді мақсат ету керек.

2. Көркем туынды композициясын талдау тәсіліне кейіпкерлердің іс-әрекетін, негізгі оқиғаларды сұрыптау, суреттеулердің көркем туындыдағы орнына тоқталу.

3. Жазушы стиліне тоқталу;

4. Шығарманың тарихи шындығына көз жібере талдау;

5. Шығарманы басқа шығармалармен салыстыра талдау;

Әдіскер Қ. Бітібаева «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» атты оқу құралында: «... әдебиет пәні жас жеткіншектерге жай ғана білім беріп қоймайды, ол өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді... Бұл пән жас қауымды мақсатты өмір сүруге үндейді, оны туған анасын сүйуден Отанын сүйуге, бүкіл адамзатты сүйуге дейін жетелейді», - дейді.

Қорыта айтқанда, сабақтың әр кезеңінде оқушы мен мұғалімнің, оқушы мен оқушының іс-әрекеті әрдайым үндесіп отыруға бағыт беретін Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның әдістемелік технологиясы - бүгінгі күні, 21-ғасырда да білім беру жүйесіндегі өзектілігін жоғалтпай келеді...

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.Бітібаева Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары, Алматы:Рауан
2. Қ.Бітібаеваның педагогикалық идеялары мен тәжірибесі.
3. Айбек Оралхан, Қ.Бітібаеваның шәкірті, журналистер одағының мүшесі
4. Жүсіп Баласағұнның, Ушинскийдің сөздері
5. Қалиева С.С. Әуезов атындағы педагогикалық колледж мұғалімі



Жумагалиева Гүлмира Утегалиевна,
№49 жалпы орта білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Демеуова Индира Жасулановна,
№51 жалпы орта білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
педагог-сарапшы
Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы



Білім алушылардың шығармашылығындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру әлеуеті

*«Ұстаздар жолы ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып...»
(ғалым-ұстаздармен кездесу)*

Мақсаты:

-қасиетті өлкемізде ғылым жолында елімізге адал еңбек етіп жүрген, ғылымның қыр-сырын зерттеп, шығармашылық бағытта ашқан жаңалықтарымен бөлісіп, ғылым жолында атқарған еңбектерімен таныстырып, оқушыларға шығармашылық даму жолында бағыт-бағдар беру;

-оқушылардың шағын жоба жұмыстарының өзі үлкен ғылымның бастауы екенін ұғындыру;

(Сахна ашылып қасиетті қазақтың домбырасымен күмбірлеген күй орындалады).

Жүргізуші 1: Армысыздар, интеллектуалдық әлеуеті мықты, эрудициясы жоғары, сөзі маржан, ұлағатты ғалымдар мен ақылмен түйсініп, жүрекпен сезінетін пайым - парасатымен, талғам - танымымен танылатын ұстаздар мен шәкірттер!

Жүргізуші 2: Бүгінде Тәуелсіз еліміз қанатын кеңге жайып, ел мәдениеті өркендеген қазіргі заманда тек білімді жастар ғана ұлтымызды асқақ, елімізді көкке көтереді.

Ұлы Абайдың: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар-мінез деген нәрселермен озады» - деген сөздері бүгінгі күні ұрпақтың әлемдік ғылыммен прогресс заңдылықтарына сәйкес бәсекеге қабілетті болып қалыптастыру үрдісінде де өзекті болып отыр. Осыған орай бүгін «Ана тілі-бар білімнің бастауы» атты қазақ тілі мен әдебиеті онкүндігі аясында «Ұстаздар жолы-ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып» деген даналық сөздерді басшылыққа ала отырып ғалым-ұстаздармен тағылымды кездесуімізге қош келдіңіздер дейміз.

Олай болса, бүгінгі танымдық сағатымыздың кейіпкерлері білім мен ғылымды бірге алып ұштастырып жүрген, өлшеусіз еңбек пен төзімді талап ететін ғылым майталмандарын ортаға алып, таныстыруды жөн көрдік.

Жүргізуші 2: Раманова Айгул Абибуллаевна - филология ғылымдарының кандидаты, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің қауымдастырылған профессоры.

Бекмашева Ақтоты Нигметовна - филология ғылымдарының кандидаты, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің қауымдастырылған профессоры. Қош келдіңіздер! (слайд қосылады)

Жүргізуші 1:

Әл-Фараби: «ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» деген. Алғашқы сөз кезегі мектебіміздің директоры, ұлағатты ұстаз Наталья Дүйсенқызы Ергужиеваға беріледі.

Жүргізуші 2: Адамзат алдында тұратын ұлы мұрат – міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы, рухани бай және ақыл - парасаты мол, мәдени - ғылыми өресі озық азамат тәрбиелеу. Бұл біздің қоғам алдындағы борышымыз. Бүгінгі әлемдегі елдер мен халықтардың өзара тарихи байланысының дамуы, экономика, мәдениет пен ғылымның әлемдік деңгейге бет бұруы, ертеңгі күннің бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білім мен ғылым тәрбиеге ғана тән. (Ғалымдардың қысқаша өмірбаянына тоқталу)

Жүргізуші 1:

Ғылым-тұтас бір әлем, қыры мен сыры көп, сан-салалы әлем екені рас. Осы қыры мен сыры терең, қиындығы мол ғылым саласын таңдауларыңыздың себебі неде? Осы орайда сізді жалпы ғылым жолына жетелеген мақсат қандай, осы жөнінде шер тарқатсаңыз? Сөз кезегі өзіңізде Айгүл Абибуллақызы.

Жүргізуші 2: Мектебімізде ғылыми жоба бойынша түрлі сайыстарға қатысып жүрген оқушыларымыз бар, солардың біріне сөз кезегін берейік. Жақында ғана «Зерде» ғылыми орталығының «Үздік жобалар» байқауына қатысып келген оқушымызды ортаға шақырып, ғылыми жобасымен таныс болайық. Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Искакова Ә.М. (Оқушы аты-жөні жазылады)

Хабибулла Айша өз жұмысын таныстырып өтсін.

Ғылымның баспалдағы ретінде жоба жұмысының дайындалуы, рәсімделуі қандай талаптарға сай болады?. Оқушымыздың қорғап кеткен жобасы бойынша ой тарқатсаңыз?

Жүргізуші 1:

Білімді ұрпақ – еліміздің болашағы, ертеңі. Қоғамның негізгі өзегі – жастар. Қазақстанның болашағы жастар еншісінде екенін ескерсек, сол жастардың сапалы білім алып, тәрбиелі, парасатты азамат болып қалыптасуына қоғамның да ықпалы зор екені анық. Саналы қоғамда білімді азаматтармен бірлесе өмір сүрген жастар өз бойында білімге деген құштарлық пен ізгі сезімдерді қалыптастыратыны сөзсіз. Олай болса, бүгінгі тағылымды сағатымыздың да берері мол болатыны анық. Өнерлі жастарымыздың әнін тамашалайық. Ортаға әнші ұлымыз Сатыбалды Азаматты шақырамыз. Жетекшісі: музыка пәні жетекшісі Тілеумағамбетов Х.О.

Жүргізуші 2: «Қызмет қылсаң халқыңа, игі ат қалар артыңда» -деп қазақтың кемеңгер ақыны Сәбит Дөнентаев айтқандай әрбір тұлға өзін белгілі бір салада шыңдайды. Бүгінгі ортамызда келіп отырған екі бірдей ғалым ұстаздарымыз ғылым саласында аянбай еңбек етіп, өмірлерінің барлық белестерін ғылымға арнаған жандар. Бекмашева А.Н. (еңбек жолымен таныстыру, слайд бойынша).

Жүргізуші 1:

Мектеп оқушысының ең бір әсерлі шығармашылық жұмыстарының бірі-эссе жазу. Осы орайда сахнаға қазақ тілі мен әдебиеті пәндік олимпиадасының және көптеген сайыстардың жүлдегері 8 в сынып оқушысы Жебеген Әселді эссе жұмысымен шақырамыз.

Жүргізуші 2: Олай болса, Ақтоты Нығметқызы, келесі сөз кезегі өзіңізде, өзіңіз туралы, еңбегіңіз жайлы таныстырып өтсеңіз.

Жүргізуші 1: Ашық микрофон айдары: (Оқушылар арасында) Сұрақ-жауап.

Жүргізуші 2:

- Ғылым жолын таңдауыңыздың себебі неде?
 - Ғылым жолында қандай қиындықтарға тап болдыңыздар?
 - Қиналған қажыған кезде сіздерге не немесе кім демеу болды?
 - Жақсы маман болу үшін адам нені білуі және үйренуі қажет?
- Орындалмаған арманыңыз бар ма?
- Мамандық адамның қабілетіне, бейімділігіне байланысты ма?
 - Есіңізде қалған ең қызықты сәтіңіз?
 - Қазіргі уақытта ғылыммен айналысқан қаншалықты тиімді.
 - Ғылым жолында артыңыздан ерген ізбасар-шәкірттеріңіз бар ма?

Жүргізуші1: «Еңбегіңнің ел кәдесіне жарағанын сезіну-үлкен бақыт» -деп В.И.Качалов ағамыз айтқандай өз қалаған мамандықтарыңыздың ел кәдесіне жарап, өздеріңізге қуаныш сыйлауына, жұмыстарыңызға табысты болуларыңызға тілектеспіз.Бүгін біздің мектебіміздің қадірлі қонақтарымыз мектеп түлектері мен ардагер ұстаздарымызға ,бізбен бірге болып, алтын уақыттарыңызды қиып, мектебіміздің іс-шарасына арнайы келіп ой бөліскендеріңізге көп-көп рахмет айта отырып, жылы лебіз-тілектеріңізді білдіруге сөз кезегін өздеріңізге береміз. (сөз кезегі ғалым ұстаздарға беріледі)

Жүргізуші2: Әрбір жеке тұлғаның болашағы өз мектебінде шындалады.

Ертең осы елге ие болып тәуелсіз еліміздің тізгінін ұстар азаматтар – бүгінгі мектеп оқушылары. «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін - білім», - деп ұлы жазушымыз М. Әуезов айтқандай, елімізді өркениетке апарар жолдың бастауында мектеп тұрады.

Жүр1:Мектебіміздің ақын жұлдызы, Республикалық жас ақындар айтысының бірнеше дүркін жеңімпазы, 9 сынып оқушысы Баян Бекзаттың ғалым-ұстаздарымызға арнауымен қарсы алайық.

Жүр2:Білімді ұрпақ – еліміздің болашағы, ертеңі. Қоғамның негізгі өзегі – жастар. Қазақстанның болашағы жастар еншісінде екенін ескерсек, сол жастардың сапалы білім алып, тәрбиелі, парасатты азамат болып қалыптасуына қоғамның да ықпалы зор екені анық. Саналы қоғамда білімді азаматтармен бірлесе өмір сүрген жастар өз бойында білімге деген құштарлық пен ізгі сезімдерді қалыптастыратыны сөзсіз. Осы мақсатта жастарымыздың білім ала отырып ғылымға ұмтылуына бірден-бір септігін тигізіп, сол жолда аянбай еңбек етіп келе жатқан бүгінгі тағылымды кездесуіміздің қонақтары Айгүл Абибуллақызы мен Ақтоты Нигметқызына көп-көп рахмет айтамыз. Сөз кезегін мектебіміздің директоры Ергужиева Н.Д. береміз.

(Ғалым ұстаздарымызды марапаттап, сый-сияпаттарын беру)

Хасенова Раушан Балтабаевна,
Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласы білім бөлімінің
«№25 жалпы білім беретін мектебі» КММ
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша функционалдық сауаттылықты арттыруға арналған қалыптастырушы бағалау тапсырмалары

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты дамыту басты міндеттердің бірі болып табылады. Оқушының алған білімін өмірлік жағдайларда тиімді пайдалана алуы, оның интеллектуалдық дамуы мен әлеуметтік бейімделу қабілетінің көрсеткіші болып саналады[1]. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде бұл бағытты жүзеге асыру үшін қалыптастырушы бағалау тапсырмалары маңызды рөл атқарады[2]. Бұл әдістер оқушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, олардың тілдік, сыни ойлау және аналитикалық қабілеттерін дамытады. Өз тәжірибемде қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын қолдану арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін арттырып, олардың танымдық белсенділігін күшейтуге қол жеткіздім.

1. Мәтінмен жұмыс: ақпаратты талдау және логикалық байланыстарды анықтау

Мәтінмен жұмыс жасау – оқушылардың мәтінді түсіну, саралау және оның құрылымын талдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бұл тапсырмалар оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда маңызды орын алады[3].

Тәжірибеде қалай қолдандым? Оқушыларға "Абайдың қара сөздері" мен "Ыбырай Алтынсарин әңгімелері" бойынша мәтіндерді талдау тапсырмалары ұсынылды. Олардан мәтіндегі негізгі ойды анықтау, логикалық байланыстарды сипаттау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату талап етілді[4].

Нәтижесінде:

- Оқушылар мәтін мазмұнын терең түсінуге дағдыланды.
- Логикалық байланыстарды анықтау қабілеті жетілді.
- Тілдік және аналитикалық дағдылары қалыптасты.

Мысалы: "Абайдың қара сөздеріндегі" "Толық адам" концепциясын талқылау барысында оқушылар бұл ұғымды қазіргі заман құндылықтарымен байланыстыра отырып, жеке өмірлерінен мысалдар келтірді. Бұл олардың теориялық білімді практикалық тұрғыда қолдану қабілетін арттырды[5].

2. Шығармашылық тапсырмалар: эссе, әңгіме жазу, оқиганың жалғасын ойлап табу

Шығармашылық бағыттағы тапсырмалар оқушылардың қиялын дамытып, олардың жеке көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді[3].

Тәжірибеде қалай қолдандым? "Менің өмірлік ұстанымым" тақырыбында эссе жазу арқылы оқушылардың сыни ойлау және өзіндік пікір білдіру қабілеттері бағаланды. Сонымен қатар, "Абай жолы" романындағы кейіпкерлердің бірінің атынан жаңа оқиға жазу тапсырмасы ұсынылды[4].

Нәтижесінде:

- Оқушылар ойларын еркін және жүйелі түрде жеткізуге дағдыланды.
- Аргументтер келтіріп, дәлелдеу қабілеттері жетілді.

- Шығармашылық және тілдік дағдылары дамыды.

Мысалы: "Менің өмірлік ұстанымым" тақырыбында жазылған шығармаларда оқушылар өмірлік құндылықтар туралы жеке пікірлерін негіздеп, өз тәжірибелерімен байланыстырды. Бір оқушы өз жұмысында "Тек адал еңбек қана адамды биікке жетелейді" деген ойды негізге ала отырып, қазақ әдебиетіндегі кейіпкерлердің өмірімен байланыстырды[5].

3. Сыни ойлау тапсырмалары: пікірталас, дәйексөзді талдау, балама көзқарасты анықтау

Сыни ойлау қабілеттерін дамыту оқушылардың ақпаратты жан-жақты қарастырып, өзіндік көзқарастарын негіздеуге ықпал етеді[2].

Тәжірибеде қалай қолдандым? "Махаббат пен жауапкершілік: қайсысы маңызды?" тақырыбында пікірталас ұйымдастырылды. Оқушылар екі топқа бөлініп, өз ұстанымдарын дәлелдеуге тырысты.

Нәтижесінде:

- Оқушылар аргументтерін нақтылап, сенімді сөйлеу дағдыларын қалыптастырды.
- Біржақты ойлаудан арылып, балама көзқарастарды қарастыруға үйренді.
- Коммуникативтік қабілеттері жетілді.

Мысалы: Пікірталас барысында бір топ "Жауапкершілік – махаббаттың негізі", ал екінші топ "Махаббатсыз жауапкершілік те болмайды" деген көзқарасты қорғады. Әр оқушы өз пікірін әдеби шығармалар мен өмірлік мысалдар арқылы дәлелдеп, белсенді ой бөлісті[4].

4. Кестелер мен диаграммалар арқылы ақпаратпен жұмыс істеу

Кестелер мен диаграммалар ақпаратты жүйелеу, салыстыру және қорытынды жасау дағдыларын дамытуда маңызды құрал болып табылады. Бұл әдіс оқушылардың визуалды ойлау қабілетін арттырып, күрделі ақпаратты құрылымдауға көмектеседі[3].

Тәжірибеде қалай қолдандым? Оқушыларға "Абай мен Шәкәрім шығармаларының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын" салыстыру үшін кесте толтыру тапсырмасы берілді[5]. Бұл тапсырма арқылы оқушылар екі ақынның шығармашылығын терең түсініп, олардың идеялық бағыттары мен стильдік ерекшеліктерін салыстыруға мүмкіндік алды.

Нәтижесінде:

- Ақпаратты құрылымдау және салыстыру қабілеттері жетілді.
- Оқушылардың сыни ойлау және талдау дағдылары артты.
- Мәтінмен жұмыс істеу барысында логикалық байланыстарды анықтау қабілеті дамыды.

Салыстыру критерийлері	Абай шығармалары	Шәкәрім шығармалары
Тақырыптық бағыт	Адамгершілік, рухани кемелдену, әділеттілік, ғылым-білім	Адам жаны, дін, әділдік, таным, руханият
Стиль ерекшелігі	Философиялық тереңдік, нақыл сөздерге негізделген поэзия	Қарапайым тілмен берілген күрделі философиялық ойлар
Шығармаларындағы негізгі идеялар	Адамның өзін-өзі жетілдіруі, білім алуы, моральдық құндылықтар	Таным арқылы кемелдену, ақыл мен жүрек үйлесімі, адам болмысының мәні
Ұқсастықтары	Екі ақын да адамгершілік, имандылық, білім алудың маңыздылығын көтерген	Ойшылдық, ұлттық рухты көтеру, жастарды білімге шақыру

Диаграммалар арқылы ақпаратпен жұмыс істеу

Кестемен жұмыс істегеннен кейін оқушыларға екі ақынның шығармашылығындағы ортақ және ерекше тақырыптарды диаграмма түрінде көрсету тапсырылды.

1. Венн диаграммасы арқылы салыстыру

Оқушылар Венн диаграммасын пайдаланып, Абай мен Шәкәрімнің көзқарастарындағы ортақ және ерекшеленетін тақырыптарды анықтады.

Абай

- Ғылым мен білімнің маңыздылығы
- Адамгершілік құндылықтары
- Қоғамдағы әділетсіздікке сыни көзқарас

Шәкәрім

- Дін мен таным үйлесімі
- Ар ілімі мен рухани тазалық
- Адам болмысын философиялық тұрғыда зерттеу

Ортақ идеялар

- Өзін-өзі жетілдіру
- Ұлт болашағы үшін білімнің маңызы
- Адамдық пен әділдік

Бұл тапсырма оқушыларға екі ойшылдың шығармашылығын салыстырып, олардың көзқарастарындағы ұқсастық пен айырмашылықты жүйелі түрде қарастыруға мүмкіндік берді.

2. Бағандық диаграмма (гистограмма) арқылы салыстыру

Оқушылардан Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы негізгі тақырыптар бойынша сандық талдау жасау сұралды. Олар белгілі бір шығармадағы басты тақырыптарды анықтап, оларды пайыздық көрсеткіштер арқылы диаграммаға енгізді.

Диаграмма нәтижелері:

• Абайдың шығармаларында адамгершілік, ғылым мен білім тақырыптары 60%-ды құрады.

- Шәкәрімде дін, рухани таным және ар ілімі 55%-ға жуық болды.
- Екі ақында да әділеттілік пен моральдық құндылықтар шамамен 40%-ды құрады.

Бұл тәсіл оқушыларға әдеби шығармаларды талдаудың жаңа, сандық әдісін үйретті және ақпаратпен жүйелі түрде жұмыс істеуге көмектесті.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын жүйелі қолдану оқушылардың:

- Мәтінді терең түсіну және талдау дағдыларын жетілдіруіне
- Шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуына
- Сыни тұрғыдан ойлау және өз көзқарасын дәлелдей білуіне
- Ақпаратты сараптап, құрылымдай алуына
- Өз ойын жүйелі түрде жеткізуіне ықпал етті.

Осылайша, функционалдық сауаттылықты дамыту оқушылардың алған білімдерін шынайы өмірде қолдану мүмкіндіктерін кеңейтті. Бұл тәсілдер оқу процесіне деген қызығушылықты арттырып, оқушылардың интеллектуалдық әлеуетін дамытуға септігін тигізді. Осы бағыттағы жұмысты жалғастыру – болашақта білім алушылардың шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығы. "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы". – Астана, 2011.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. "Орта білім берудің жаңартылған мазмұны: оқу бағдарламалары, әдістемелік нұсқаулықтар". – Астана: Б. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2016.
3. Құдайбергенова, К. С. "Қалыптастырушы бағалау – білім сапасын арттырудың негізгі құралы" // Педагогика және психология ғылыми журналы. – 2020. – № 4. – Б. 42-48.
4. Абай Құнанбайұлы. "Қара сөздер". – Алматы: ҚазАқпарат, 2015.
5. Шәкәрім Құдайбердіұлы. "Үш анық". – Алматы: Жалын, 2013.

Утепова Аяулым Нұрланқызы,
Қарағанды облысы Шет ауданы Ақадыр кенті
«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК
педагог-дефектолог

**Баланың жеке ерекшеліктеріне байланысты тілін дамытудың
жеке құралдары мен дамыту әдістері**
**Развития речи ребенка в зависимости от его индивидуальных особенностей
личные средства и методы развития**
**The development of a child's speech, depending on his individual characteristics
personal means and methods of development**

Ұсынылып жобада дыбыстарды түзетудің алдын алу үшін машықтану жаттығулары топтастырылған. Сөйлеу бұзылыстары бар балалар көбінесе бастауыш сынып оқушыларында жиі кездеседі. Себебі дыбыстарды дұрыс естіп-қабылдаудың ажыратылымдығының, дыбыстық талдау мен жинақтаудың жеткілікті дамымауы байқалады. Артикуляциясы және дыбысталуы бойынша ұқсас дыбыстарды алмастыру, сонымен қатар сөйлеукезінде дыбыс айтудың бұзылысы айқын көрінеді. Сол себептен осы жұмыс дәптерінде сөйлеуді түзетуге арналған жаттығулар логопедтік түзету бағдарламаларына сүйене отырып және мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған мемлекеттік стандартқа сай құрылған.

В предлагаемом проекте сгруппированы обучающие упражнения для предотвращения коррекции звуков. Дети с нарушениями речи чаще всего встречаются у младших школьников. Это связано с тем, что наблюдается недостаточное развитие различения правильного восприятия звуков, звукового анализа и аккумуляции. Замещение схожих по артикуляции и звучанию звуков, а также нарушение звукопроизношения в речи выражены отчетливо. Поэтому упражнения для коррекции речи в данной рабочей тетради построены на основе логопедических коррекционных программ и в соответствии с государственным стандартом для детей дошкольного возраста.

In the proposed project, training exercises are grouped to prevent sound correction. Children with speech disorders are most often found in younger schoolchildren. This is due to the fact that there is insufficient development of distinguishing the correct perception of sounds, sound analysis and accumulation. The substitution of sounds similar in articulation and sound, as well as the violation of sound reproduction in speech, are clearly expressed. Therefore, the exercises for speech correction in this workbook are based on speech therapy correction programs and in accordance with the state standard for preschool children.

Кіріспе

Сөйлеу — әлеуметтік құбылыс және адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы қызметін атқарады. Сөйлеудің уақтылы және дұрыс дамуы - бала тұлғасының қалыптасуының қажетті шарты. Сөйлеудің арқасында бала айналасындағы әлемді біледі, білімді жинақтайды, заттар мен құбылыстар туралы идеялар ауқымын кеңейтеді, әлеуметтік мінез-құлық нормаларын меңгереді. Сөйлеудің көмегімен адам өзінің қажеттіліктерін білдіріп, өз сезімі мен тәжірибесін білдіріп, айналасындағы болмыстың заттары мен құбылыстарына деген көзқарасы туралы әсерлерімен бөліседі. Сөйлеудің даму процесінде бала тілді меңгереді. Мектепке дейінгі жаста сөйлеу сауаттылықты меңгерудің, мектепте

одан әрі оқытудың қажетті шарты болып табылады. Сөйлеудің қалыптасуы мен дамуы біртіндеп жүреді. Бұл өте ұзақ әрі күрделі процесс. Ал егер ата-аналар сәбімен жиі араласып, онымен ойнап, оған кітап оқып, онымен өлең үйренсе, онда әдетте баланың сөзі дер кезінде және дұрыс дамиды. Баланың лексикасын белсендіру және кеңейту, грамматикалық дұрыстықтың қалыптасуы, коллоквиумдық және үйлесімді сөйлеудің дамуы (белсенді сөйлеу) мақсатында кітапта әр жас кезеңінде олардың асқынуымен әр түрлі ойындар, жаттығулар қамтылады. Дегенмен, осындай алуан түрлі сөз материалының ішінде, бәлкім, тек тіл бұрандасын ғана қолданып, сөздің дыбыстық жағын дамытуға тікелей бағыттауға. Дер кезінде және дұрыс сөйлеу - бала тұлғасының қалыптасуының қажетті шарты. Тіл мектепке дейінгі жаста сөйлеу сауаттылықты меңгерудің, мектепте одан әрі оқытудың қажетті шарты болып табылады.

Тіл бұрауларының сөйлеу материалы ретіндегі рөлі зор. «Тіл бұрылыстары: Фольклордың бұл тамаша жанры халық даналығымен тоқтап тұрған әңгіме үшін емес, ана тілінің барлық дыбыстарын жаңғырта алатын сөз құраушы органның қозғалыстарын үйрету үшін жасалған».

Тілдік бұраулар (тіл бұрандалары) — әдетте, айтуы қиын дыбыстар комбинациясына арнайы салынған шағын, бірақ үлкен сөз материалы. Оларды артикуляторлық аппараттың баяулығы мен әрекетсіздігін жеңу үшін ғана емес (тіл бұлшық еттерінің қозғалғыштығын арттыру үшін) үлкен табыспен пайдалануға болады, ерін, төменгі жақ сүйек), дыбыстардың сөз тіркесінде дұрыс айтылуын бекіту және оларды саралау, ерекше және түсінікті сөйлеуді (дикцияны) дамыту үшін, сонымен қатар вокалдық аппараттың жұмысын үйретуге және жетілдіруге арналған жаттығулар ретінде, сөйлеудің әр түрлі темп-раларын қолдану қабілетін дамыту (тез, бірқалыпты, баяу), интонациялық экспрессивтілікпен (логикалық күйзеліс, жауап алу және мақұлдау интонациялары) жұмыс істеу үшін.

Әсіресе ерте мектепке дейінгі жастағы балаларда сөйлеудің дамуы тез: тез, басқа жаста болмағандықтан лексика толығады, сөздердің дыбыстық безендіруі жақсарып, сөз тіркестері неғұрлым егжей-тегжейлі бола түседі. Алайда барлық сәбилерде сөйлеу дамуының деңгейі бірдей емес: кейбіреулері 3 жасқа дейін анық және дұрыс айтылады

сөздер, басқалары әлі де анық сөйлемейді, жеке дыбыстарды дұрыс айтпайды. Мұндай балалар басым, әсіресе бірінші кіші топта. Олардың ең типтік қателіктері — дыбыстардың қателігі мен алмастыруы, дыбыстардың ғана емес, буындардың да қайта орналасуы, силлабикалық құрылымның бұзылуы (сөздердің қысқаруы: велосипедтің орнына «апиын»), дұрыс емес күйзеліс, т.б.

Белсенді сөздің қалыптасуы көбіне есту қабілетінің жай-күйіне, сөйлеу есту қабілетінің дамуына байланысты: есту қабілеті, құлақпен ажырату, дыбысқа жақын дыбыстарды саралау, дауыстың көтерілуі мен құлауы, оның көлемі, ырғағы мен сөйлеу еркіндігі, темп-расы, интонациялық мәнерлілігі және т.б.

Жас мектеп жасына дейінгі балалар сөзді сөздің семантикалық бірлігі ретінде қабылдайды. Сөзбен олар белгілі бір объектіні, объектінің сапасын, онымен орындалатын әрекетті байланыстыратын. Бірақ олар әлі күнге дейін сөздің қандай дыбыстардан тұратынын өз бетінше анықтап, олардың бірізділігін белгілей алмай, сөзді бөліктерге (буындарға, дыбыстарға) ыдырата алмайды, яғни сөздің дыбыстық талдауы оларға әлі қолжетімсіз. Оларды бұған дайындау керек, өйткені болашақта балалардың дыбыстық талдауды айту қабілеті оларды оқуға және жазуға үйретуге үлкен көмектеседі. Бұл жас кезеңінде балаларды, ең алдымен, анық әрі дұрыс айтуға үйрету, сондай-ақ сөздердегі дыбыстарды естіп, ажырату қажет. Сонымен қатар мұғалімнің сөйлеу үлгісі өте маңызды. Дыбыстарды дұрыс айтуды бекіту, айтылуды жақсарту, есту түйсігін дамыту мақсатында

мұғалім ұсынылған ойындар мен жаттығулардан басқа, қосымша сөйлеу материалын кеңінен қолданады: ойын-сауық, қысқа өлеңдер, санау кітаптары, т.б. Сондай-ақ, құтылуларды жорамалдау да елеулі түрде елеулі ықпал ететін болады. Бірінші кіші топтан бастап мұғалім балаларға ономапоэя негізінде кішігірім атқа мінгендерді ұсынады, бұл аттың кілтін табуға көмектеседі. Ол айла-шарғыларды немесе заттарды көмек ретінде пайдаланады. Болашақта мұғалім балаларға заттарға сүйенбей құтылуды жорамалдауды ұсынады.


Жобаның өзектілігі

Жоғарыда аталған ойындар мен жаттығулардың мақсаты балалардың есту қабілетін дамыту, оларды басқалардың сөзін мұқият тыңдауға, оны дұрыс қабылдауға, өздеріне берілген ойын тапсырмаларын дәл орындауға үйрету, балаларды дыбыстық сөзді затпен немесе суретпен дәлме-дәл айтуға үйрету, бір-екі буынды, сондай-ақ үш-төрт буынды сөздерді анық айту, сұрақтарға жауап беру; дыбысқа жақын құлақ дыбыс комбинацияларымен ажырата отырып қатты және тыныш көбеюі.

Әдіс тәсілдер түрлері, білім салалары арасындағы байланыс және меңгерту формалары

- Жұмбақтар
- Дидактикалық ойындар
- Түсіндіру
- Көрсету
- Сұрақ- жауап
- Сергіту сәті
- Артикуляциялық жаттығулар

Түзету дамыту жұмысы шеңберінде мектепке дейінгі мекеме мамандары мен отбасының өзара бірлескен жұмыс моделі



Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік белсенділігін арттыру міндеттемелерін шешуде жаңашыл технологиялардың мүмкіншіліктерін пайдалану.

Міндеттері:

1. Баланың сөздік қорын қалыптастыру, оны белсенді түрде байыту;

2. Бала тілінің дыбыстық жағын жетілдіру, мәнерлі де мәдениетті сөйлеуін тәрбиелеу;
3. Тілдің грамматикалық жағын қалыптастыру, грамматикалық формалардан ауытқымай сөйлеуге машықтандыру;
4. Өз ойын монологты түрде байланыстыра жеткізе білуге үйрету;
5. Көркем сөзге баулу.

Қорытынды

Қазіргі ақпараттық таңда балаларға оқыту үрдісі қызықты, мақсатты болу үшін тәжірибеге жаңашыл, ең бастысы нәтижелі әдіс-тәсілдер қолдану заман талабы. Педагог үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Осы орайда мен мектепалды даярлық топтарында “Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту” технологиясын бейімдеп, тәжірибежде қолданамын. Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке қасиетін аша отырып, азамат етіп тәрбиелеумен қатар баланың тілі мен танымдық күшін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасайды. Осы мақсат пен міндеттерді негізге ала отырып, өзге ұлт балаларына қазақ тілін үйретуде тек қана жаңа сөздерді қайталау арқылы үйретпей, оларды ойындар мен көрнекіліктер арқылы үйреткен тиімді.



Базарова Айнагуль Туkenовна,
Павлодар қаласы
«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған
музыкалық мектеп – интернат» Кешені»ММ
мектеп – интернат тәрбиешісі

Қыз балаларды әсемдік пен сұлулыққа баулу

Қазақ халқы қашанда қыз баланы ерекше құрметтеп, оны әдемілік пен инабаттылықтың символы деп санаған. Қыз – ұлттың айнасы, отбасының ұйытқысы, болашақ ана. Сондықтан оның тәрбиесі ұлттың болашағына тікелей әсер етеді. Қыз баланы сұлулыққа, әсемдікке, инабаттылыққа баулу – оны өмірдің әр қырынан жетілдіру, рухани бай, көркем мінезді, білімді тұлға етіп қалыптастыру деген сөз. Қазіргі заман – білім мен бәсекенің заманы. Сол себепті елімізге әсемдік пен сұлулықты қадірлей білетін, сонымен қатар ақылды, жан-жақты дамыған қыздар қажет.

Сұлулық пен әсемдік – үйлесім мен көркемдік.

Сұлулық дегеніміз – тек сыртқы келбет қана емес, жан дүниенің тазалығы, ойдың тереңдігі, мінездің көркемдігі. Қазақтың «*Сұлулық – жан мен тәннің үйлесімі*» деген сөзі осыны дәлелдейді.

Қыз балаға тән сұлулықтың басты белгілері:

Жан сұлулығы – әдептілік, мейірімділік, қарапайымдылық, ар-намыс.

Сыртқы сұлулық – өз-өзіне күтім жасау, таза, жарасымды киіну.

Ой сұлулығы – білімділік, рухани даму, жаңашылдыққа ұмтылу.

Сұлулық пен әсемдік қыз баланың жүріс-тұрысынан, сөйлеу мәнерінен, өзгелермен қарым-қатынасынан байқалады. Сондықтан ата-бабаларымыз қыздың әрбір іс-әрекетіне мән беріп, оны нәзіктікке, ұстамдылыққа, сыпайылыққа баулыған.

Инабаттылық – қыз балаға тән асыл қасиет.

Инабаттылық – сұлулықтың ішкі мәнін ашатын басты қасиет. Инабатты қыз – әрқашан сыйлы, құрметті, үлгілі. Қазақ халқы: «*Қыз – қонақ, қыз – ар*» деп, оның тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Қыз баланың инабаттылығы оның сыпайылығынан, үлкенге құрметінен, кішіге ізетінен, қарапайымдылығынан көрінеді.

Инабатты қыздың қасиеттері:

1. Әдептілік – сөз мәдениетін сақтау, орынды сөйлеу, сыпайылық.
2. Қарапайымдылық – мақтаншақтықтан, дарақылықтан аулақ болу.
3. Ұқыптылық – сырт келбеті мен мінез-құлқын үйлестіре білу.
4. Ізгілік пен мейірімділік – ата-ананы, үлкендерді сыйлау, айналасына қамқор болу.
5. Жауапкершілік – өзіне, отбасына, қоғамға пайдалы болу.

Абай Құнанбайұлы: «*Адамның жақсы болуы – мінезінен*» деп, инабаттылықтың маңыздылығын атап өткен.

Қазіргі заман қыздары – білімді және тәрбиелі болуы қажет.

Бүгінгі заман – ғылым мен технологияның дамыған кезеңі. Қыз бала тек көрікті болып қана қоймай, ақылды, білімді, жан-жақты болуы керек. Қазақтың: «*Білімді қыз – елдің көркі*» деген нақыл сөзі осының дәлелі.

Қыз балаға білім не үшін маңызды?

Өз болашағын қалыптастыру үшін. Білімді қыз өмірде өз орнын табады, өзін дамытады.

Отбасын дұрыс тәрбиелеу үшін. Ана – отбасының ұстазы. Білімді анандан саналы ұрпақ тәрбиеленеді.

Қоғамға үлес қосу үшін. Білімі бар, мәдениетті қыздар елдің дамуына атсалысады.

Қазіргі уақытта елімізге бәсекеге қабілетті, өз ісін білетін, ой-өрісі кең, жаңашыл, жауапкершілікті сезінетін жастар қажет. Сондықтан қыз балаларға тәрбие мен білім қатар берілуі тиіс.

Қыз бала тәрбиесінде не қажет?

1. Отбасылық тәрбие – ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрді бойына сіңіру.

2. Мәдениет пен әдепке үйрету – әдемі сөйлеу, өзін дұрыс ұстау, сұлулықты кәдірлеу.

1. Білім мен дамуға ұмтылыс – үздіксіз оқу, өзін-өзі жетілдіру.

2. Өзін-өзі күту – денсаулығына, киіміне, сыртқы келбетіне мән беру.

3. Өнер мен шығармашылық – кітап оқу, қолөнермен айналысу, музыкаға қызығу.

Қыз баланы әсемдікке, сұлулыққа, инабаттылыққа баулу – оның болашағына жол ашу. Бүгінгі қоғамға тәрбиелі, сыпайы, көркем мінезді, білімді қыздар қажет. Өйткені олар – ертеңгі аналар, болашақ ұрпақтың тәрбиешілері. Қыздың тәрбиесі – ұлттың тәрбиесі. Сондықтан қыз бала жан-жақты дамып, өзінің ішкі және сыртқы сұлулығын үйлестіре білсе, ол бақытты өмір сүріп, ел дамуына өз үлесін қоса алады.

«Қыз – елдің айнасы, ұлттың ажары» – сол айна әрдайым жарқырап, сұлулық пен білімнің нұрын шашсын!



Кадымбаева Камшат Базарбевна,
Алматы қаласы Әуезов ауданы
КМҚК «№56 бөбекжай-балабақша»
тәрбиеші

Дидактикалық ойындар арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту

Аңдатпа

Мақалада мектепке дейінгі білім беру ұйымдағы ортаңғы топтарында дидактикалық ойындарды қолдану арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту жолдары қарастырылған. Дидактикалық ойындардың көмегімен балалардың тілдік және әлеуметтік дағдылары, ойлау қабілеттері қалыптасады. Әрбір ойын баланың сөздік қорын байытып, оны өз ойын анық әрі нақты жеткізуге үйретеді. Дидактикалық ойындарды дұрыс қолдану арқылы балалардың қарым-қатынас жасау қабілеттері шыңдалып, олар әлеуметтік ортаға бейімделеді.

Кілт сөздер: коммуникативтік дағдылар, дидактикалық ойындар, бала дамуы, әлеуметтік дағдылар, тілдік қабілет, эмоцианалды интеллект.

Балабақшаның ортаңғы тобы (3 жастағы балалар) — баланың алғашқы әлеуметтік тәжірибесін қалыптастыру кезеңі. Бұл жаста балалар тілін дамытуға, қоршаған ортаны тануға, эмоциялық және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға үлкен көңіл бөлінеді. Тәрбиеші балалардың осы дағдыларды меңгеруі үшін әртүрлі дидактикалық ойындарды қолданады. Осы ойындардың маңыздылығы — олар балалардың ойлау қабілетін, танымдық әрекеттерін, сөйлеу дағдыларын дамытып, шығармашылық қабілеттерін арттырады.

Дидактикалық ойындар — баланың ой-өрісін кеңейтетін, жаңа білімді меңгеруге бағытталған іс-шаралар. Ортаңғы топ балалар үшін тапсырмалар негізінен ойын түрінде ұйымдастырылады, себебі олар үшін ойнау — негізгі іс-әрекет түрі. Бұл жаста ойындар баланың қызығушылығын арттырып, оның айналасындағы дүние туралы түсініктерін дамытады деп есептеймін. Сол себепті, әрбір ойын балалардың сөйлеу дағдыларын, зейінін, қиялын, логикалық ойлауын дамытуға бағытталуы тиіс.

Өз тәжірибемде, балаларға **«Не артық?» ойынын** жиі қолданамын. Ол үшін балаларға үш заттың суреттерін көрсетемін, олардың ішінде біреуі басқа заттардан ерекшеленеді. Мысалы, «қоян», «мысық», «машина». Балалар артық затты тауып, оның не үшін артық екенін түсіндіреді. Байқағаным, бұл ойын балалардың зейінін, логикалық ойлауын дамытып, сөздік қорын кеңейтеді.

Ойын барысы: Үлгідегідей әр түрлі берілген суреттерден не артық екенін табады. Берілген суреттерді топтастырып, оларды жалпы атауын айтады.

«Суретті толықтыр» ойыны: Балаларға бастапқы сурет беріледі (мысалы, тек бастамасы көрсетілген үй немесе жануардың суреті), олар өз ойларымен осы суретті толықтырады. Бұл ойын балалардың қиялын дамытады және оларды өнерге қызықтырады. Мысалы, «Жануарлар әлемі» тақырыбында балаларға әртүрлі жануарлардың суреттері көрсетіліп, олардан сол жануарлардың аттарын айту немесе олардың тіршілігі туралы әңгімелеп беру сұралады.

«Суреттерді салыстыру» ойыны: Балаларға екі түрлі сурет көрсетіледі, олар сол суреттерді салыстырып, айырмашылықтарды табуы керек. Мысалы, бір суретте бір бала доп ойнап тұр, ал екінші суретте ол суреттегі бала кітап оқып тұр. Бұл ойын балалардың зейінін шоғырландырып, салыстыру дағдыларын дамытады.

«Не өзгерді?»

Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.

Көрнекіліктер: Жеміс пен көкөністің мультфильмі.

Ойын барысы: Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып, балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады.

Балалардың білімін тексеру және жаңа материалды бекіту үшін жұмысымда арнайы әзірленген дидактикалық ойындарды қолданамын. Мысалы, «Түстерді ажырату» ойыны, балалар түстерді дұрыс тануға, атауға, бір-бірімен салыстыруға үйренеді.

Әлеуметтік дағдыларды дамыту: Менің байқағаным, топтық жұмыстар балаларға бірлесіп мақсатқа жетуді, басқалармен қарым-қатынас орнатуды үйретеді. Бұл тапсырмалар тек тіл емес, адамның өзара қарым-қатынас мәдениетін де қалыптастырады. Балалар бірлесіп ойын ойнау кезінде әрқайсысы өз рөлін орындай отырып, ортақ мақсатқа жете бастайды[1].

Эмоционалды интеллектіні дамыту: Бала тек сөздермен ғана емес, эмоциялар арқылы да өз ойын жеткізеді. Эмоционалды жағдайды түсіну, басқа адамдардың сезімдерін қабылдау дағдыларын дамыту маңызды[1]. Мысалы, «Менің сезімдерім» жаттығуында балалар өз эмоцияларын сипаттап, оларды қалай білдіру керек екенін үйренеді.

«Кейіпкерлердің эмоциясын тану» ойыны: Балаларға әртүрлі эмоцияларды көрсететін карточкалар беріледі (қуаныш, реніш, қорқыныш, тандану). Балалар сол эмоциялардың кейіпкерлерін танып, түсіндірмелер береді. Бұл ойын балалардың эмоцияларын тануға және өз сезімдерін білдіруге көмектесетіндігін байқадым.

Сабақ барысында балаларды сұрақ-жауап арқылы белсенділік танытуға ынталандырамын. Сұрақ-жауап тапсырмалары баланың тыңдаушы ретінде қатысуын талап етеді. Олар тек сұраққа жауап беріп қана қоймай, тыңдап, оны түсініп, қажет болса, қосымша пікір қосу арқылы өз ойларын білдіруге үйренеді. Мысалы, мен балаларға «Қыс айында не киеміз?» немесе «Қыс мезгілінде қандай ойындар ойнай аламыз?» деген сұрақтар қоямын. Олардың жауабына сәйкес жаңа сөздер мен ұғымдарды енгізіп, сөйлеу дағдыларын нығайтуға көмектесемін. Балалардың жауаптарын тыңдап, оларды дұрыс әрі толық айтуға бағыттаймын.

«Табиғаттағы өзгерістерді бақылау»: Балаларға белгілі бір табиғат құбылысы туралы сұрақтар қойылады, мысалы, «Қыста не болады?» немесе «Жаңбыр жауғаннан кейін не болады?» Бұл ойын балаларды табиғатпен таныстырып, экологиялық түсініктерін қалыптастыруға көмектеседі.

Топтық жұмыстар мен ынтымақтастықта жұмыс істеу дағдыларын дамыту мақсатында балаларды шағын топтарға бөлемін. Мысалы, балалармен бірге «Жануарлар әлемі» тақырыбында қысқаша әңгіме құрастырамыз. Әр топтың тапсырмасы — әртүрлі жануарлардың аттарын және олардың өмір салтын айту. Әр баланың пікірі тыңдалады, бұл топтық қарым-қатынастың дамуына ықпал етеді. Топтық ойындар баланың әлеуметтік ортаға бейімделуін қамтамасыз етіп, оған басқа балалармен бірлесіп жұмыс істей білуге мүмкіндік беретіндігін байқадым[3].

Дидактикалық ойындардың тиімділігін арттыру үшін оларды дұрыс әдіс бойынша қолдану керек[4]. Ойын элементтері мен балалардың қызығушылығын оятатын тапсырмалар міндетті түрде тиімді деп есептеймін. Әр ойынды баланың жас ерекшелігі мен деңгейіне қарай түрлендіріп, оның қатысуына қызығушылығын арттыру қажет.

Қорытындылай келе, дидактикалық ойындардың ортанғы топтарында балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудағы маңызы өте зор. Олар баланың сөздік қорын байытып, зейінін, қиялын, сөйлеу дағдыларын дамытады және қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейтеді[2]. Сонымен қатар, дидактикалық ойындар арқылы балалар топта жұмыс істей білуді, басқалармен қарым-қатынас орнатуды және эмоциялық интеллектіні дамыту дағдыларын меңгереді. Әрбір дидактикалық ойын баланың қызығушылығын оятуға, оның логикалық ойлауын, өз сезімдерін білдіруін жақсартуға бағытталған болуы керек деп есептеймін. Себебі, бұл балалардың жалпы дамуына және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға үлкен ықпал ететіндігіне көзім жетті.









Kagazova Asem Salamatkzy,
The English teacher
Secondary school № 32
Aktau city






A story about a party

Term: 4	Unit 7. Buildings	
Teacher's name:	Kagazova Asem	
Date:		
Grade: 3	Number present:	Number absent:
Theme of the lesson:	A story about a party	
Learning objectives(s) that this lesson is contributing to	3.1.2.1 recognise familiar words with visual support; 3.1.5.1. use contextual clues to predict content in short, supported talk on a limited range of familiar topics; 3.2.2.1 use isolated words and basic expressions to provide personal information; 3.3.3.2 find out the main points in short simple descriptions with visual support; 3.4.2.1. follow word order rules in short statements; 3.5.1.12 use basic adverbs of place here/there to say where things are.	
Lesson objectives	By the end of the lesson the students will be able to: learn how to speak about the party and identify different party objects; recognize and use vocabulary to do with the party; to express personal attitude toward a topic discussing a topic.	

Lesson procedure:

Stages of the lesson/ Time	Teacher's activity	Student's activity	Assessment	Resources/ materials
Greeting. Organisation moment. 2 min.	As children come into the class, say <i>Hello</i> . Encourage them to say <i>Hello</i> to you. Begin the lesson with some greetings. Ask and answer <i>How are you?</i> Look through the window? Is it cold today?	The students greet the teacher and answer the questions. Good morning, good morning to you, We are glad to see you too.   SMILE Today is not cold.		Whiteboard 

<p>Warm up: 3 min.</p>	<p>Phonetic Drill Exercise. A teacher asks Sts. To look at the picture and guess the theme of the lesson.</p>  <p>Let's sing a song: <i>Happy Birthday</i></p>	<p>Sts. look at the pictures and guess the topic of the lesson. PARTY Sts. sing a song and say the month of their birthday. My birthday is in May and yours?</p> 	<p>Assessment Criteria: Use and follow with considerable support simple words, phrases, sentences as a support in reading familiar topics; Apply basic words, phrases and short sentences in a talk.</p>	<p>https://youtu.be/n3qw7lZzbkM</p>
<p>Main activities: 17 min.</p>	<p>A teacher asks Sts. to name all the objects at the party. What have you got at your birthday party? I like it. My birthday is in December. Do you like presents? Look, Listen and Point. (CD.73). A teacher asks Sts. to read the text in pairs and try to understand all sentences: Let's buy presents. He likes cars. Are those chocolates? Let's put the presents in the living room. It's five o'clock in the morning. Happy Birthday! Thank you for my presents.</p>	<p>Sts. name all the objects at the party. Draw and name: Cake, balloon, present, cards, chocolate, masks, juice, flags, flowers. Do you like your birthday? -Yes/no. Sts. translate the sentences to each other.</p>	<p>Self – Assessment Assessment criteria: 1. Demonstrate an ability to organize and express ideas clearly; 2. Apply topic related vocabulary in speech appropriately arranging words and phrases into well-formed sentences. Descriptor: A learner: • Demonstrate an ability to organize and express ideas clearly; • uses appropriate subject-specific vocabulary while speaking.</p>	<p>Flashcards CD.71 CD.72 Student's Book "Family and friends 2. Kazakhstan edition". (Oxford University Press) p.54 Worksheet</p>
<p>Physical training exercise – 3 min.</p>	<p>A break for physical activity. Teacher plays the video with physical exercises.</p>	<p>Students watch and do physical exercises.</p>		<p>Music</p>

<p>Main activities: 18 min.</p>	<p>A teacher asks the Sts. to do some exercises.</p>  <p>Well done. Open the workbooks and do the tasks on p.54. You are given 6 minutes. What do you like at birthday parties? Take a list of paper and write one wish: I want my parents to buy me a....</p>	<p>Sts. do the tasks.</p> <p>Birthday Matching © www.kids-pages.com</p> <p>Choose the correct word for each of the images below:</p>  <p>Sts. speak about their birthday and present the tasks.</p> <p>I like presents. I want a new mobile phone.</p>	<p>Self – Assessment.</p> <p>Descriptor: understand some specific information in short, slow, carefully articulated talk on routine and familiar topics. Pair – assessment</p>  <p>Score:6</p> <p>Descriptor: Respond to basic supported questions giving personal and factual information. Pair - Assessment</p>	<p>Sts. Book p.52 CD.73</p> <p>Student’s Book “Family and friends 2. Kazakhstan edition”. (Oxford University Press)</p> <p>Worksheets</p>
<p>The end of the lesson 2 min.</p>	<p>• At the end of the lesson, wave goodbye to the class and say <i>Bye! Goodbye!</i></p> <p>Home Assignment: PB p.54. Ex.4(5questions, 5 answers).</p>	<p>SS write their homework for the next lesson. Sts. give a mark to themselves for working at the lesson. Students think critically, exploring, developing, evaluating and making choices about their own and others’ ideas.</p> 	<p><i>Pupils evaluate themselves using evaluation lists.</i></p> <p>Reflection. Self- Assessment.</p> <p>Tick one</p> 	<p>Whiteboard</p>

Шакубаева Бибигуль Темиргалиевна,
учитель математики
ГКП на ПХВ школа –лицей №85
имени шейха Тамима бен Хамада аль Тани
акимата города Астаны

Комбинаторика и вероятность событий

Теория вероятностей занимается изучением закономерностей, присущих массовым случайным явлениям. И основное внимание она уделяет изучению *вероятностных моделей*. К таким моделям можно отнести опыты с монетой, кубиком и другими идеальными объектами. Но в реальных ситуациях построение модели происходит только после тщательного анализа большого количества экспериментальных данных. Сбором, систематизацией и анализом этих данных занимается статистика.

Статистика имеет многовековую историю. Уже в древнем мире статистический учет населения. Но только в двадцатом веке появилась математическая статистика – наука, основанная на законах теории вероятностей. При решении многих практических задач приходится выбирать из некоторой совокупности объектов элементы, обладающие тем или иным свойством, подсчитывать, сколько различных комбинаций можно составить из конечного числа элементов, принадлежащих заданной совокупности, располагать эти элементы в определенном порядке и т.д. Поскольку в таких задачах речь идет о тех или иных комбинациях объектов, то их называют комбинаторными задачами, а область математики, в которой изучаются комбинаторные задачи, - комбинаторикой.

Цель курса – освоение математического аппарата, помогающего прогнозировать процессы и явления, моделировать, анализировать и решать задачи. Применение основных правил, формул, математических методов. Формировать умение и навыки самостоятельного анализа исследования и развивать стремление к поиску путей решения.

Прикладной курс разработан для учащихся старших классов для углубленного изучения статистики и теории вероятности. А также в помощь учителю для ведения курса по выбору. В данной программе разработан лекционный материал, приведены задания с решениями и ответами для облегчения подготовки учителя к урокам. Данный курс состоит из трех глав.

В главе 1 рассматривается описательная статистика, имеющая дело с числами, характеризующими ту или иную интересующую нас ситуацию. Статистика состоит из сбора данных, поэтому, важное значение приобретают технологии сбора, обработки и анализа данных. Здесь рассмотрены виды графических представлений данных, таких как полигон частот, гистограмма, кумулята, а также использовано применение ИКТ. В данный раздел включены меры центральной тенденции, размах, квартили, межквартильный размах и представление данных – в виде диаграммы «стебель-листья», диаграммы «ящик с усами». Диаграмма «стебель-листья» - это способ систематизации данных по их разрядному значению, для демонстрации распределения данных. Своё название диаграмма получила от способа представления данных. Числовые значения располагаются вертикально в нисходящем порядке, так что наиболее повторяющиеся разряды у чисел составляют стебель, а часто меняющиеся разряды — листья, отходящие от стебля. Некоторые задания рассматривают решения с помощью программного обеспечения, таких как математический конструктор, графический редактор Geogebra. Цифровые технологии способствуют

активизации мыслительной деятельности учащихся, развитию познавательного интереса к уроку, расширение новых знаний в изучении материала.

В главе 2 рассматриваются элементы комбинаторного анализа, используемые при решении задач по теории вероятности. Содержит такие темы, как правило сложения и правило умножения. Правило сложения применяется для подсчета вероятности осуществления событий А или В, или обоих сразу. Правило умножения вероятностей применяется, когда требуется найти вероятность того, что события А и В произойдут одновременно. Формулы комбинаторики без повторений, с повторениями. Умение решать задачи, используя формулы комбинаторики. Рассматриваются задачи с картинками и решениями.

Глава 3 содержит такие разделы курса теории вероятности, как случайные события, случайные величины, вероятностное пространство. Включает основные понятия и правила теории вероятностей. Здесь рассматриваются задачи с использованием формул классической вероятности и геометрической вероятности событий. Нахождение вероятности событий с помощью формул комбинаторики. Учащиеся расширят знания вероятности и статистики, изучив формулы полной вероятности (формула Байеса), условия для реализации схемы Бернулли, решение задач с использованием формулы Бернулли. При решении вероятностных задач часто приходится сталкиваться с ситуациями, в которых одно и то же испытание повторяется многократно и исход каждого испытания независим от исходов других. Такой эксперимент еще называется схемой повторных независимых испытаний или схемой Бернулли. Например: 1) многократное извлечение из урны одного шара при условии, что вынутый шар после регистрации его цвета кладется обратно в урну; 2) повторение одним стрелком выстрелов по одной и той же мишени при условии, что вероятность удачного попадания при каждом выстреле принимается одинаковой (роль пристрелки не учитывается).

Математика является фундаментальным инструментом в различных областях программирования: разработка алгоритмов, работа с графикой, обработка данных, создание программных моделей и так далее. Поэтому знания в области математики являются важной для профессионального роста программистов, статистов, аналитиков, помогая решать сложные задачи, разрабатывать инновационные продукты. Раздел математики «Комбинаторика и теория вероятностей» имеет большое значение в программировании, так как изучает различные способы перестановки, сочетания и размещение объектов, распределение биномиальных коэффициентов. Исследования показывают, что на базе использования цифровых технологий цели, поставленные учителем, могут быть реализованы более качественно и эффективно.

Используемая литература:

1. Мутанов Г. М., Куликова В. П. Математическое моделирование экономических процессов. Алматы., Экономика, 1999
2. Нурсултанова Г. К. Комбинаторика, элементы теории вероятностей и математической статистики. 2004. Семей
3. С.М. Балакирев. Математика. Теория вероятностей. Подготовка к ЕГЭ-2016. Учебное пособие.
4. Я.С. Бродский. Статистика. Вероятность. Комбинаторика.-М. ООО «Издательство Оникс», Издательство «Мир и образование», 2008 год.

Наурызбаева Минара Алтайхановна,
Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Боран ауылы
"Құмаш Нұрғалиев атындағы гимназия"
КММ жанындағы шағын орталықта
"Жұлдыз" ортаңғы тобының тәрбиешісі

Анаға қарап қыз өсер
Ертеңгілік тақырыбы

Мақсаты:

1. 8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесін атап өту
2. Анаға деген мейірімді, сүйіспеншілікті арттыру, үлкенге ізет, кішіге үлгі бола білуге үйрету
3. Баланың бойында ізгілік, инабаттылық, биязылық сияқты қазақ қызына тән жақсы қасиеттерді қалыптастыруға тәрбиелеу

1-Жүргізуші: Армысыздар, бақытты балалық шағымыздың шат көңілді өтуіне барлық жағдайды жасап отырған аяулы да ардақты аналар! Сіздерді 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Адам бойындағы жақсы қасиет күннің нұрынан, ананың ақ сүтінен жаралған. Сондықтан, құрметті, ардақты да қадірлі, аяулы да сымбатты асыл аналар, қадірлі әжелер, ұстаздар, ару қыздар бүгінгі « Анаға қарап қыз өсер» атты мерекелік кешіміз сіздердің құрметтеріңізге арналады

2- Жүргізуші: Адам баласы үшін ең аяулы, ең қастерлі сөз – ана. Бала дүниеге келген күннен бастап өзінің жұмсақ алақаны, жылы жүзі, ыстық құшағы, мейірім толы көзқарасы арқылы барлық сүйіспеншілігін, мейірімділігін, махаббатын бере білген аналар үшін жер дүниені мекендеген адамзат қауымы бір күнді мейрам етіп белгілеген. Ол – 8 наурыз мерекесі.

1-жүргізуші:

Халқымызға билік айтар даналар,
Даналардың өзі анадан жаралар.
Жүрегінің бір бөлшегі – бала үшін,
Сізден жарқын адам бар ма, аналар!?
Балаға ең жақыны сіз ғой, ана,
Сіздің ыстық құшағының бізге пана.
Сіздерге теңестіретер еш нәрсе жоқ,
Теңесе алар бір-ақ нәрсе – Отан ғана!

2-жүргізуші:

Мен өзіңмен қайда болсам біргемін.
Махаббатың жүрегімде жүр менің.
Күн нұрындай жадырай бір күлгенің,
Қандай жақсы ортамызда жүргенің!
Ер жеткізіп, елге берген баласын
Ақылдысың, ардақтысың, данасың!
Қарайтыным – қас-қабағың бір сенің,
Қайратыңнан қайта көрме, анашым!

1-Жүргізуші: Құрметті қауым, бүгінгі кешімізді біз сәл ерекшелеу өтсек пе деген оймен аналар арасында сайыс ұйымдастырдық. Енді сіздерді аналар арасында өтетін сайысымызды тамашалауға шақырамыз.

2-Жүргізуші: Олай болса, алдымен сайысқа қатысатын аналарымызды қол шапалақтап қошеметпен ортаға шақырайық.

Аналар

1. «Құлпынай» тобының атынан Инжудің анасы Мүслимқызы Ақмарал Аубакирова
2. «Құлпынай» тобының атынан Нұрсаяның әжесі Әбзалханқызы

2. Гүлшат

3. 3. «Жұлдыз» тобының атынан Фатиманың әжесі Айсейітқызы

4. Роза Нұрмұханбетова

4. «Жұлдыз» тобының атынан Асылымның анасы Болатбекқызы

Динара Тұрысбекова

5. «Жұлдыз» тобының атынан Фатиманың анасы Бақытжанқызы

Жансая

5. 6. «Жұлдыз» тобының атынан Фаризаның анасы Бекзатқызы

Эльмира Алимшеева

2-Жүргізуші: Ендігі кезекте сайысымыздың шартымен таныстырып өтейік

Сайыс шарттары:

1. Өзін-өзі таныстыру (қара сөзбен, өлеңмен немесе әнмен)

2. «Өнер- сауықтың гүлі» деп аталады. Аналар мен қыздардың өнерін тамашалаймыз.(Үй тапсырмасы)

3. Салат жасау.

4. «Білімді мыңды жығар, білекті бірді жығар» Ақыл-парасат сайысы. Аналар қоржыннан асық алып, сол асық номеріндегі сұраққа жауап береді

5. Кім шапшаң

6. Балалық шаққа саяхат

1-Жүргізуші:

Ақ көңілмен, ниетпен,

Әділ баға берсін деп

Шаршамай, еш жалықпай

Айтқаныңызға көндік деп

Әділқазы алқасын,

Сайлап алсақ жөн болар,-

Әділқазылар :

1. Мектебіміздің тәрбие ісінің меңгерушісі Темірбекова Алма Сағынбайқызы

2. Шағын орталық ұжымының атынан Ташенова Айнұр Бектемірқызы

3. Психолог маман Сатекова Бақытгүл

2-Жүргізуші:

Енді сайысымызды бастайық

Өнер қуып аналар өтер деймін

Бір басына өнерлері жетер деймін.

Бәсекеге түскен аналар кезектесіп,

Таныстырып өздерін өтер деймін .- деп, кезекті таныстыруға берейік.

1-Жүргізуші: Біз мәңгілік сіздерге, аналар борыштармыз дегім келеді. Сіздерге балалық жүректен мың да бір алғыс. Мерекелеріңіз тағы да құтты болсын! Жан анам, құттықтаймын мереке күніңмен,

Көктемнің құлпыра бер нарт гүлімен.

Өрлесін елдің берген бақыт бағы,

Жазбасын шат көңілін ақ күніңмен, деп ортаға «Құлпынай» тобының бүлдіршіндерін «Анашым» әнімен шақырайық

2-Жүргізуші: Келесі сайыс түрі «Ана мен баласының орындауындағы би». Сайыстың бұл түрінде аналар мен қыздар үй тапсырмасын көрсетеді

1-Жүргізуші:

Әке көрген оқ жонар,

Шеше көрген тон пішер

Ешқайсысы жоқ сияқты

Бір-бірінен кем түсер-дей отырып, ортаға балаларды аналарына, әжелеріне арнаған тақпақтарымен шақырамыз

Мөлдір:

Шын жүрек, ақ көңілмен,

Алғашқы көктемнің күлімдеген

Құттықтаймыз 8 наурыз мерекесі

Халықаралық әйелдер күніменен!

Нұрсая:

Наурыз – мейрам, жүректерге нұр сепкен,

Маңдайымнан сүйіп жатыр күн көктем.

Жарығыңмен, шуағыңмен, Күн-Ана,

Алып келдің Жер бетіне гүл көктем!

Фатима:

Табиғат тауып келісім,

Жүректің мұзы ерісін.

Қуаныш кернеп ел ішін,

Аналар күні тойлансын!

Аружан:

Армысың, ару қыздар, абзал ана!

Анаға тең келетін бар ма дана?!

Мерекең бүгінгі күн құтты болсын!

Қуанышпен құшақтарға көңіл толсын!

Асылым:

Теңдесі жоқ данасың,

Арқа тұтар панасың.

Еңбегінді ақтайын,

Аман болшы, анашым!

Серәлі:

Алақаны – ақ самал,

Мәпелеген, жан ана.

Көкте күнім батса да,

Өзің күнсің балаңа!

Фатима:

Жанары жалын, жүзі гүл,

Жүрегі толған мейірім, нұр.

Еңбекте асып, жүлде алған,

Өнерде озып, жыр жазған.

Жүргізуші: Келесі сайысымыз: Салат жасау

Би «Круто»

1-Жүргізуші: «Білімді мыңды жығар, білекті бірді жығар» Келесі ақыл-парасат сайысы. Ата – аналар қоржыннан асық алып, сол асық номеріндегі сұраққа жауап береді

№ 1 асық. Сүттен жасалатын қазақтың ұлттық тағамын атаңыз

№ 2 асық. Әйел адамдар жағынан туыстық қатынастарды атаңыз

№ 3 асық. Киіз үйдің ішіндегі жабдықтарын атаңыз

№ 4 асық. Жеті қазынаға нелер жатады? (ер жігіт, сұлу әйел, ақыл-білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық, жүйрік тазы)

№ 5 асық. Үш қуатты ата (ақыл, жүрек, тіл)

№ 6 асық. Үш арсыз дегеніміз не? (күлкі, ұйқы, тамақ)

№ 7 асық. Қазақтың ұлттық мерекелерін білесіз бе?

№ 8 асық. Маталардың түрлерін ата

№ 9 асық. Дүниеде неше алыс бар? (жер мен көк, кәрі мен жас, жақсы мен жаман)

№ 10 асық. Мұсылмандардың бес парызын ата (Иман, намаз, ораза, зекет, қажылық)

№ 11 асық. Қазақтың ұлттық аспаптарын атаңыз

№ 12 асық. Қазақтың ұлттық сусындарын, ай аттарын атаңыз

«Жұлдыз» тобының бүлдіршіндерінің орындауында ән: «Әжем менің қандай».

1-Жүргізуші:

Әділ қазы алқасы,

Әділден берсін бағасын.

Жеңіске жеткен қыздардың

Өркендей берсін талабы, дей отыра әділ қазылар алқасына сайысқа қатысқан аналарды марапаттауға сөз берейік

Номинациялар:

1. Биязы ана- Асылымның анасы Болатбекқызы Динара Тұрысбекова

2. Мейірімді ана- Фатиманың анасы Бақытжанқызы Жансая

3. Парасатты ана- Нұрсаяның әжесі Әбзалханқызы Гүлшат

4. Ақылшы ана- Мұслимқызы Ақмарал Аубакирова

5. Өнерлі ана- Фатиманың әжесі Айсейітқызы Роза Нұрмұханбетова

1-Жүргізуші:

Ана деген адамға Атамекен,

Әр адам анаменен адам екен.

Бір өзіңе көрсеткен жақсылығым,

Бір күнгі тәтті ұйқыдан садаға екен

Шағын орталықтың тәрбиешілері мен тәрбиеленушілерінің орындауында «Гүлдер мен көбелектер» биі

2-Жүргізуші: Аналар мерекесінде барлық аналарға құрмет көрсетіп, тағзым ете отырып, кешімізді аяқтаймыз.

1- Жүргізуші: Сіздерге осынау мерейлі мереке тек қана игі жақсылықтар әкелсін. Дендеріңізге саулық, бала-шағаларыңызға амандық тілейміз! Жүздеріңізден қуаныш пен шаттықтың нұры кетпесін. Еңбектеріңіз табысты болып, шаңырақтарыңызға құт береке дарысын! Аспанымыз ашық, мемлекетіміздің іргесі берік болсын!

Мұхит Назира,
«Құмаш Нұрғалиев атындағы гимназия»КММ-нің
жанындағы шағын орталық.
«Құлпынай» ересек тобы
тәрбиеші

Құтты болсын, жаңа жыл!
Ертеңгілік

Мақсаты: Балаларды шыршамен таныстырып, жаңа ән айтқызу арқылы мерекелік көңіл күй сыйлау. Балаларды жасыл шыршадан шеңбер айналып жүріп еркін би билеп, ән орындауына мүмкіндік жасау.

(Зал әсем безендірілген, балалар музыка әуенімен қаз – қатар паравоз болып, бір бірінен ұстап залға кіреді.

Жүргізуші:

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды
Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді
Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін
Бәрімізге мына жыл арайлы!
Құтты болсын ағайын!
Жаңа жылың тағы да
Қол соғып қарсы алайық
Шақырайық ортаға
Ертеңгілік басталсын
«Балақай» тобында!

(балалар келіп шыршаны айналып тұрады)

Жүргізуші: - Балалар шыршаны қараңдаршы қандай әдемі? Бүгін бізде Жаңа жыл мерекесі, бізге қонаққа Ақшақар мен Аяз Ата және орман аңдары келу керек еді, неге олар кешігіп жатыр екен? Әлде біздерді таба алмай адасып жүрме екен. Жүріңдер балалар олай болса біз оларды орманнан іздеп көрейік? Ал балалар біздер орманға немен барамыз? Қане, ендеше бәріміз пойыз құрып, пойызбен барайық.

(Балалар жүргізушінің артынан пойыз болып, шыршаны бір айналып шығады.

Жүргізуші: - Міне, балалар қараңдар біз орманға келдік анау тұрған кімнің үйі? Өзі аппақ ұлпа қармен жамылған әдемі үй екен, үйдің қасына барып қоңырауын соғайын (Қоңырау соғылды үйдің ішінен Ақшақар шығады)

Ақшақар: - Сәлеметпе, балалар! Сендер орманда қыдырып жүрсіңдер ме?

Жүргізуші: Ақшақар біз сені Жаңа жыл мерекесіне шақыра келдік, сендер келмегесін біздер алаңдап іздеуге жолға шықтық.

Ақшақар: - Ой, балалар рахмет мені шақырғандарыңа. Мен сендермен бірге Жаңа жыл мерекесіне барамын. Ендеше жүріңдер, балалар жолдан басқа да орман аңдарын ала кетейік?

(Бәрі қатар - қатарымен пойыз болып тұрып, шыршаны бір айналып шығады.

Ақшақар: - Балалар міне біз қоянның үйіне келдік. Үйдің жанына барып қоңырауын соғады.

Қоян: - Сәлеметсіздер ме, балалар! Сендер орманда не іздеп жүрсіндер?

Жүргізуші: - Қоян біз сені Жаңа жыл мерекесіне шақыра келдік.

Қоян: - Алақай, рахмет сендерге. Менде сендермен Жаңа жыл тойлаймын!

(Қоян қолына ішінде сыйлығы бар үлкен сәбізін бірге алып шығады.)

Бәрі қатар - қатарымен пойыз болып тұрып, шыршаны бір айналып шығады.

Ақшақар: - Балалар міне біз аюдың үйіне келдік. Үйдің жанына барып қоңырауын соғады.

Аю: - Бұл кім, мені тәтті ұйқымнан оятқан. (Көзін уқалап үйінен шығады)

Оу, балалар сендер орманда адасып келесіндер ме?

Жүргізуші: - Аюжан біз сені Жаңа жыл мерекесіне шақыра келдік.

Аю: - Жақсы балалар олай болса мен сендермен бірге барамын. (Аю қолына ішінде сыйлығы бар бөшкесін бірге ала шығады)

Ақшақар: - Балалар мен түлкінің де үйін білемін, жолдан түлкіні де ала кетейік.

Бәрі қатар - қатарымен пойыз болып тұрып, шыршаны бір айналып шығады.

Ақшақар: - Мынау балалар түлкінің үйі. (Үйдің қасына барып қоңырауын соғады)

Балалар түлкі үйінде жоқ екен.

Енді бізде қарап тұрмайық! Шырша тойын бастайық. (Деп шыршаны айналып шығады)

(Шыршаның алдында айналып таңырқап түлкі жүреді)

Түлкі: - Ыммм, сендер мені Жаңа жыл мерекесіне шақырмадыңдар! Мен барлығыңа ренжулімін.

Ақшақар. – Түлкі біз сенің үйіңе бардық, бірақ сен үйде болмадың, сосын біз кетіп қалдық.

Түлкі: - Неге мына шыршаларыңның шамдары жанбай тұр? Шырша шамы жанбай тұрып әлде мына көжектерді жеп қойсам ба, екен?

Қоян: - Жоқ, жоқ қу түлкі.

Жүрген жерің шу түлкі.

Сен менің көжектерімді жеме біз оданда сізге тамаша би билеп берейік?

Түлкі: - Жарайды олай болса көрейін билерінді.

Би: «Көжектер» (Үлкен қоянда бірге билейді)

Жүргізуші: - Түлкіжан біздің ұлдарымыздың биі сізге ұнадыма?

Түлкі: - Мына көжектердің биі ұнады, мен өз ойымды өзгертемін, сендерге жақсылық жасап мына шыршаларыңның шамын қояндағы сиқырлы таяғымен жағып жіберейін.

Түлкі: - 1,2,3, шырша шамы жана түс, - деп қолындағы сиқырлы таяқшасын сілтеп қалады. Шырша шамы жанады балалар қол соғады.

Жүргізуші: - Балалар біз шыршаға арналған әнімізді орындап берейік.

Ән: «Мерекеге келдік»

Ортаға көңіл – күйі жоқ мұнайып Ақшақар шығады.

Ақшақар: - Балалар менің атам келмей жатыр. Орманда адасып кетті ме екен? Бәріміз бірге дауыстап іздейікші. Мүмкін дауысымызды естіп, бізді тауып алар.

А – У Аяз Ата! (бірнеше рет)

Аяз Ата: Ой, айналайындар! Амансындарма, ұлдарым есенсіңдерме қыздарым. Жаңа жыл құтты болсын! Сендер қандай әдемісіңдер, қандай көңілдісіңдер! Шыршаларың қандай жарқырап тұр!

Аяз ата:

Қуаныштан жүздерің,

Шат күлкіге бөленіп

Аталарың сендерге
Шаршап келді, алыстан.
Отырайын дем алып
Мағанда ән арнаңдар.

Жүргізуші: Аяз ата сіз демалып отырыңыз балалар сізге арнап ән жолдайды.

Ән: «Аяз ата»

Түлкі: - Балалар мен де сендердің мерекелеріңе кішігірім сыйым бар.

Би «Микки маустар»

Ойын: «Қар жинау»

Жүргізуші: - Ортаға өлең жолдарымен бүлдіршіндерді шақырайық.

Дінмұхамед

Аспан жерге төгеді

Ақ күмісін уыстап

Нұрдаулет

Жаңа жылда келеді

Бізге қарай жылыстап

Фатима

Әдемілеп біз ілген

Ойыншықтар тізілген

Алуа

Қандай әсем шыршамыз.

Ән шырқайық баршамыз

Айла

Тоғай да, баулар да

Ақ күміс жамылды.

Заңғар

Дала да, таулар да

Өзіңді сағынды.

Ерәлі

Аяз ата келіп тұр,

Бізге сәлем беріп тұр.

Нұрислам

Сақалының ұзыны-ай

Кесіп алсам шіркін-ай!!!

Ақшақар: Ата мына мерекеге менің де сіңлілерім келген екен? Мен қыздармен бірлесіп тамаша би билеп берейін.

Би: «Ұлпақарлар»

(Музыка әуені ойналып, басына 2025 жылдың тәжін киіп қолында сүйреген шанасы бар ортаға Жылан келеді)

Жылан: Сәлеметсіңдер ме балалар! Мен сендермен бірге бір жыл қастарыңда болам, сендерді жетістіктерге жеткізіп, сендердің арман тілектеріңізді орындаймын! Мен сендерге өзімнің сый-сияпатымды ала келдім.

Жүргізуші: Қош келдің! Біздің бүлдіршіндердің сізге арнаған өлең жолдары бар, тамашалаңыз. Ортаға:

Қ.Фатима

Жасыл желен жамылған,

Асыл моншақ тағылған.

Алуа
Міне сұлу шыршамыз
Көптен күтіп сағынған.
Тілеймін мен бар әлемге
Дос көп болсын жаңа-жыл
Балжан
Ата-әже, әке – шеше
Құтты болсын Жаңа жыл

Жүргізуші: Аяз ата, Ақшақар, қоян, түлкі, аюжан және Жаңа жыл біздің бүлдіршіндердің өнерлері, әндері, билері сіздерге ұнады ма? Олай болса Аяз ата сіз біздің балалардың өнерлеріне ала келген сыйлығыңызды табыстауды ұмытып кеткен жоқсыз ба?

(Осы жерде келген қонақтардың барлығы қоштасып шығып кетеді. Аяз ата мен Ақшақар қалады)

Аяз ата: Оййй, ұмытшақ басым-айй! Әрине мен сендерге әкелген сыйлығымды берейін! Қалай ғана ұмытып барамын?!!

(Аяз ата балаларға сыйлығын табыстайды)

Жүргізуші: - Осымен біздің Жаңа жылға арналған мерекелік – ертеңгілігіміз аяқталды. Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!



Алимшеева Элмира Бекзатовна,
ШҚО, Марқакөл ауданы, Боран ауылы
Құмаш Нұрғалиев атындағы гимназиясының
көркем еңбек пәні мұғалімі

Көркем еңбек сабағында оқушылардың шығармашылығын дамыту

Қоғам дамып алға жетелеген сайын, қоғам талабына сай адам - рухани интеллекті, шығармашылық қабілетті болу керектігі өмір талабына айналуға мектеп қабырғасында оқушыларға білім мен тәрбие қатар жүреді. Әр пән өз өресінен, ерекшелігіне қарай оқушыларды ізденімпаздыққа, шығармашылыққа жетелейді. Алған білімін өмірде қолдана білуге үйретеді. Міне осындай пәндердің бірі – технология пәні болып табылады. Әр сабақта оқушының қиялын дамытып, ою– өрнек оюға, кестелеуге, биссермен жұмыс жасауға жетелегенде шәкірттің қиялы мен ой ұшқырлығы кез келген қиындықтан алып шығып, өнер туындысын жасауға мүмкіндік береді. Әрбір адамда дүниетану, білімге талпыну болмаса, еңбекке үңіле қарамаса, ілгері басу, прогресс те болмас еді. Сондықтан, ұлттық мәдениетті көтеретін, ұлттық әдет-ғұрыпты, намысты, имандылық пен ізгілікті, жат іс-әрекеттерге сын көзбен қарай алатын оқушы дайындауымыз керек. Олар жаңа ойларға, идеяларға шығармашыл болып, күтпеген жерден пайда болған мәселелерді шеше біліп, ақпараттарды саралай білулері керек. Оқушылар кез келген жалпыға танымал ақпараттарды сын тұрғысынан шығармашылықпен қарап, оның ұтымды жақтарын қолдануға тиісті. Білім беру саласында жас ұрпақты пәндік біліммен қаруландыру ғана емес, олардың бойына өзін-өзі дамыта алатын, өздігінен ізденіп, зерттеуді жүргізе білетін, өзіне-өзі қызмет көрсете алатын, қоғам талабына сай еңбекқор, мәдениетті, ұлттық рухани-адамгершілікті бойына сіңіре білген және шығармашылықпен жұмыс жасайтын іскерлік қабілеті басым тұлғаны қалыптастыру қажет. Оқушының зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыту: тоқтаусыз өзгерістегі қоғам талабына сай рухани интеллекті, өз ұлтының тілін, ұлттық мәдениеті мен дінін ғана біліп қоймай, басқа ұлттардың да мәдениеттерін танып, біліп, оны құрметтеуге үйретуде, жағымды және жағымсыз іс-әрекеттерді сын көзбен саралай алуға, өзін-өзі басқара алуға, жаңаша жобалар мен идеяларға шығармашыл болуға, сайып келгенде, оқушының жан-жақты дамуындағы проблемалық жағдайларды туғызатын теориялық маңызды, практикалық тұрғыдан өзекті мәселе болып есептеледі. Сондықтан, жаңаша білім беру жүйесіндегі «Көркем еңбек» білім беру саласының арнайы тарауларын оқыту, сабақта жаңа технологиялар мен шығармашылық жобалау әдістері арқылы оқушылардың өз бетімен іздену, зерттеу және шығармашылық қабілеттерін дамыту, өмір ағымындағы материалдық қажеттіліктен туындаған бұйымды дайындау технологиясын үйрету, оның экономикалық тиімділігі, дизайн талаптарына сәйкестігі мен жобалау іс-әрекетінің іскерлік қабілеттілігін қалыптастыра отырып, оқушыларға экологиялық және эстетикалық тәрбие беру, еңбексүйгіштікке баулу, шығармашылықпен ойлау қабілеттіліктерін дамыту, тарихи ұлттық мұраларымызды ұрпақтан - ұрпаққа жалғастыруға баулу, болашақ мамандығын дұрыс таңдауға бағыт беру міндетіміз.

Шығармашылыққа жетелеудің бір жолы шығармашылық жобалау болып табылады. Жоба жұмысы барысындағы оқушы мен оқытушы және ата-ана арасындағы іс-әрекеттік

қарым қатынасты, олардың әр қайсысының атқаратын қызметінің орнын төмендегі схемадан көруге болады. Жобалық қызметті ұйымдастыру, графикалық мәдениетін қалыптастыру, технологиялық және техникалық қызмет аймағында сұранысқа сәйкес қолданбалы міндеттерін шеше білуін қалыптастыру технология пәнінің міндеті деп нұсқау хатта көрсетілген.[4]

Жобалау таным әдісі ретінде оқушыларға оқу мен білімнің өмірдегі рөлін сезінуге, оқу мен білімді мақсат етуден гөрі құрал етуді ойлау мәдениетін игеруде сарамандық көмек беруі тиіс.[2]

Бұл әдістің негізін салушылардың бірі – профессор Кильпатриктің пікірінше, «Жобаның міндеті жұмыс барысында өзіне практикалық міндеттер қоятын және оны орындай алатын үнемі өзіндік инициатива көтеріп отыратын адамды тәрбиелеу» болып табылады.

Жалпы шығармашылық іс-әрекеттерін зерттей келе, мамандар бұл ұғымға «Шығармашылық- бұл жекелеген мотивациялық құрылым арқылы берілетін ақыл-ой жемісі, ол жеке тұлғаның бойында білім мен ептілік, қызығушылық қабілеттерінің әсерімен айқындалатын қоғамдық маңызды нәтиже... Шығармашылық потенциал әр адамның миында әрбір іс-әрекеттердің формасы ретінде жинақталады» деп тұжырымдады.

Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық, тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез болып саналады. Ендеше, зерттеушілік, ізденушілік - бала табиғатына тән құбылыс. Бұл белсенділік оның жеке дамуына, өзіндік көзқарасының қалыптасуына игі ықпал етеді. Бұл пікірді Абайдың жетінші қара сөзіндегі: «...Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біріншісі- ішсем, жесем, кисем» деп тұрады, екіншісі- «көрсем, білсем» деп, ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, «ол неге үйтеді», «бұл неге бүйтеді» деп көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді...», деген ой-тұжырымы растайды. Жобалау оқыту әдісі бойынша оқушылардан күтілетін нәтиже төмендегідей болмақ:

- ізденімпаздық, зерттеушілік қабілеттері дамиды;
- ұқыптылық, жинақылыққа, икемділікке дағдыланады;
- жауапкершілікке үйренеді;
- шығармашылық қабілеті дамиды;
- Шығармашылық қиял дамиды
- өз елінің ұлттық рухани және материалдық құндылықтарын құрметтей алатын, патриот тұлға болып жетіледі.

Сонымен қатар технология сабағында сыни ойлау технологиясын енгізу арқылы оқушылардың сыни ойлауы арқылы шығармашылыққа жетелеуге болады. Сабақ үдерісінде жеке, жұптық, топтық жұмыстар жасау арқылы оқушыларды шығармашылықпен ойлауға, жасаған өнімді қиялмен, шығармашылықпен ғана орындау емес сыни ойлауға, жүйеліжұмыс жасауға да жетелеуіміз керек. Әроқушы жеке дара тұлға десек жұптаса, топтаса жұмыс жасауда оқушылар пікірлесіп, ең дұрысын, әдемісін жасайды, тыңдау, түсіну, қоғамда бір – бірін сыйлау, пікірін тындай білу қабілеттері қалыптасады. Өз ойын жеткізе білуге, дәлелдей білуге үйренеді. Әр сабақта оқушы түстерді, материалдарды үйлестіруден бастап, тігіс салу, жапсыру, өрнектеуді үйрене отырып, елестету, қиялдау қабілеттерін дамыту арқылы талғамдарын да дамытады. Ал, осы тұрғыда оқушыларды қызықтырудың тағы бір түрі ол сабақты да түрлендіре беру болып табылады. Әр сабақта қолданылатын әдіс – тәсілдер өзгеріп тұрса оқушы қызығушылығы артады. Ол үшін мұғалім өз тәжірибесін байытып, сабағын түрлендіруі тиіс. Өте күрделі тапсырма оқушыны

шаршатып, талпынысын, талабын жояды, тым жеңіл тапсырма зеріктіреді. Сондықтан төмендегі әдістер тиімді әдістер болып табылады.

1) Салыстыру әдісі.

Кез келген объектілерді, ұғымдарды, дәуірлерді салыстыруға болады. Костюм тарихын, киім үлгісін зерделеу кезінде,

2) Эвристикалық сұрақтар әдісі.

7 сұрақ қойылады: Не? Кім? Неге? Қайда? Қалай? Немен? Қашан?

Бұл сұрақтардың жауаптары шығармашылық жұмыстардың тууын болжайды.

3) Бейнелі пайымдау әдісі.

Жұмыстың нәтижесі ауызша немесе графикалық түрде көрсетіледі (жобаның нобайы немесе оның ауызша сипаттамасы).

1) Ойлап табу әдісі.

Бұл шығармашылық іс-әрекеттің нәтижесінде бұрын белгісіз болған өнімді жасау тәсілі. Тігін бұйымдарының эскизі, дастархан жаю, сыйлық безендіру. Эскиз – кез келген шығармашылық жобаның құрамдас бөлігі.

2) Дағдыландыру әдісі.

Бұл әдістің құралдары бізге басқа дәуірді сезінуге, өзімізді сол кездегі киіммен елестетуге, мінез-құлық тәсілдерін үйренуге мүмкіндік береді. Оқушыға тапсырмалар жеке,жұптық, топтық тапсырмаларкреативті түрде берілсе оқушылардың талпынысы да арта түседі. Түрлі платформалар тапсырмалары бұл тұрғыда мұғалім үшін таптырмас қазына. Оқушы өнімдерінен көрмелер ұйымдастыру оқушылардың шығармашылық қабілетін оданары ұштайтын тиімді әдіс.

Оқушы шын ниетімен сабаққа еніп, сабақ үдерісінде қиялға беріле, көркемдік қиялмен, эстетикалық талғаммен шығармашылықтың сан түрлі алауына еніп жұмыс жасағанда ғана оқушы шынайы білім алары хақ.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Бешенков А.К. Технология. Технологияны оқыту методикасы. 5-9 сынып: методикалық кешен.М.: Дрофа, 2003. 224 бет.

2. Лернер П.С. «Технология» бойынша жобалау// Мектеп және өндіріс.-1996. -№2. 15-19 бет.

3. Матяш Н.В Технологиялық білім саласындағы жобалық оқыту әдістемесі.// Педагогика. -№4. 38-43 бет.

Абильдинова Ольга Бареевна,
музыкальный руководитель
ясли-сад №60 "Тараз" управления образования
города Шымкент

Музыкальный квест-игра «Волшебные звуки домбры»



Цель:

- Продолжать обогащать представление детей о народном творчестве;
- развивать словесное творчество;
- закреплять умение детей использовать средства речевой выразительности при передаче литературных произведений.
- - Расширить представление детей о казахском национальном инструменте – домбре;
- обогащать музыкальные впечатления; развивать интерес к народной музыке;
- различать музыку, передавать в танце характер музыки.
- - Развивать эмоционально - чувственную сферу и образное мышление, память, внимание, речь, воображение, творческие способности.
- - Воспитывать патриотические и нравственно-эстетические чувства; толерантное отношение к окружающим; прививать доброту, ответственность, артистизм.

Задачи:

Образовательные

Способствовать формированию умения применять полученные знания в нестандартных практических задачах. Расширение знаний о казахских народных музыкальных инструментах. Передавать в движениях смену частей музыки.

Развивающие

Развивать мыслительные операции: аналогия, систематизация, обобщение, наблюдение, планирование. Развивать ловкость, ориентацию в пространстве, коммуникативные навыки при работе в команде. Развивать интерес к музыкальной, познавательной, поисковой деятельности.

Воспитательные

Накопление ребенком положительного эмоционального опыта посредством общения с музыкой. Способствовать сближению и объединению детей, доставить им удовольствие. Прививать музыкальный вкус.

Методы-приемы: словесный, наглядный, показ, объяснение.

Предварительная работа: На ОУД по музыке рассмотреть домбру, послушать её звучание, послушать кюй, композиторлары және қазақтың музыкалық аспаптары» («Казахские композиторы и казахские музыкальные инструменты»), Ермек Отетілеуұлы «Казахский оркестр»; подготовить выставку поделок «Домбра собирает друзей»; разучить песню «Домбырасыз сән қайда» (слова Х. Талгарова, музыка И. Нусипбаева); познакомить с правилами игры «Передай домбру»; повторить танец «с домброй»

Предметно-развивающая среда: музыкальный центр, мультимедийный проектор, электронная презентация, домбра, колокольчик, национальные костюмы, реквизит к театральной деятельности

Копилка музыкальных терминов: домбра, композитор-кюйши, кюй, оркестр, ритм, музыкальная фраза, распевка.

Оборудование, наглядный материал: портрет композитора Құрманғазы, музыкальные инструменты, картинки с ритмическими рисунками, нотный стан, ноты, домбра, слайдовый материал.

Ход занятия:

Дети входят в зал под спокойную музыку и встают в полу круг.

Распевка: «Музыкальное приветствие», «гамма до мажор»

Музыкальный руководитель: Ребята, сегодня у нас с вами необычное музыкальное занятие, где мы сможем показать свои знания, свои навыки, в мире Музыке, а также узнаете много интересного. Вы готовы?

Ответ детей

Музыкальный руководитель: сегодня хочу вас поближе познакомить с казахским инструментом домбыра. В казахском народе говорят: "**Нағыз қазақ - қазақ емес, нағыз қазақ - домбра!**", что означает "**Настоящий казах — это не сам казах, настоящий казах - домбра!**" «Недаром домбра считается одним из семи чудес Казахстана. Наши прадеды, деды бережно хранили и предавали мелодии – кюйи из поколения в поколения и она дошла и до наших дней, давайте посмотрим видеосюжет о домбре.

Слайд 1

Музыкальный руководитель: ребята, понравился вам видео сюжет о домбре? О чем рассказывается в видеосюжете?

Ответы детей:

Музыкальный руководитель: Ребята слышите? К нам кто-то идет.

Звучит музыка, в зал входит грустный Алдар Косе.

Алдар Косе: здравствуйте, ребята, мне очень нужна ваша помощь, мой инструмент под названием домбра, перестал издавать музыкальные звуки, ноты, и теперь я не могу играть мелодии на своей любимой домбре и радовать свой народ. *И* только, дружные ребята, такие как вы, сможете мне помочь.

Музыкальный руководитель: для этого нам, нужно отправиться, в увлекательное Музыкальное путешествие, где вы ребята, благодаря своим музыкальным знаниям, умениями, постараетесь раздобыть потерянные мелодии и нотки волшебной домбры! А также, выполнить необходимые задания, собрать нотки и помочь Алдар -косе вернуть звучание домбры.

Музыкальный руководитель: Ребята, мы сможем помочь?

Ребята: ответы детей.

Музыкальный руководитель: ну что ребята, тогда, не будем терять время, отправляемся в путь, а поможет нам волшебный колокольчик. Давайте вместе проговорим волшебные слова: - Колокольчик наш звени, и дорогу покажи!

Слайд 1

Музыкальный руководитель: ну вот, мы с вами оказались в **Музее Народных музыкальных инструментов.**

Где мы должны ответить на вопросы, и если ответы будут правильными, то мы сможем получить нотку, итак, слушаем задание.

Задание 1. какие струнные, казахские народные инструменты вы знаете назовите и перечислите?

Задание 2. определите инструмент по картинке?

(Детям предлагают просмотреть инструменты и назвать)

Музыкальный руководитель: Молодцы ребята, вы выполнили два задания и получаете нотку До и нотку РЕ. Расположите нотки на свои места в нотном домике, ну а теперь нам нужно продолжать путь,

Дети проговаривают волшебные слова: - Колокольчик наш звени, и дорогу покажи /колокольчик звенит /

Слайд 2

Музыкальный руководитель: ну вот, мы с вами оказались в **Городе музыкальных профессий**, в этом городе живут люди овладевающие музыкальные профессии, итак, следующие задания.

Задание 3. Какие музыкальные профессии вы знаете? /дети выбирают картинки профессии и дают пояснение картинке / перечисление музыкальных профессий /дирижёр. композитор, домбрист певец, танцор, күйші, пианист / Кюй – жанр казахской инструментальной музыки.

Кюйши – называют исполнителя кюя. **Композитор-кюйши** – называют музыканта, который не только исполняет, но и сочиняет кюи. Управляет оркестром **дирижёр** — художественный руководитель музыкального коллектива.

Музыкальный руководитель: Молодцы ребята. сколько много музыкальных профессий вы знаете, а теперь попробуем отгадать музыкальные профессии по картинкам.

Слайд 3

Музыкальный руководитель: Молодцы ребята, вы выполнили задание и получаете нотку, ну а теперь нам нужно продолжать путь.

Дети проговаривают волшебные слова: - Колокольчик наш звени, и дорогу покажи /колокольчик звенит /

Музыкальный руководитель: Ребята мы с вами попали в **Город мастеров.**

Слайд 4

-Сейчас мы превратимся в мастеров-ремесленников.

- Ребята, оказывается, домбра делается 7 дней.

Для того что сделать домбру мастер должен знать ее части.

- Познакомимся из каких частей состоит домбра.

Показывает и называет части домбры:

ішектері - струны,

мойны – гриф,

шанағы - корпус,

басы – головка,

құлақтар - уши.

Музыкальный руководитель: ребята давайте посмотрим, как же изготавливается домбра.

Просмотр видео слайда. Метод изготовления домбры.

Зная части домбры мастер может изготовить домбру, вот и мы с вами на время станем мастерами по изготовлению домбры. мы должны собрать домбру по частям. Пусть каждый постарается и сделает домбру своими руками.

Игра «Собери домбру» (разрезные картинки пазл).

Музыкальный руководитель: Молодцы ребята, вы отлично справились с заданием и получаете нотку, ну а теперь нам нужно продолжать путь

Дети проговаривают волшебные слова: - Колокольчик наш звени, и дорогу покажи /колокольчик звенит /

Слайд 5

Музыкальный руководитель: ну а теперь мы с вами попали в **Театр** казахских народных инструментов. Посмотрите – это портрет композитора Құрманғазы. Құрманғазы – великий казахский композитор, исполнитель кюев, домбрист, классик казахской инструментальной музыки. В народе Құрманғазы называют «отцом кюев». Звуки природы: журчанье рек, свист ветра, раскаты грома, пение птиц, песни и игра пастухов на сыбызғы – наполняли его душу своим очарованием. Сейчас мы послушаем кюю «Сары арка» в исполнении оркестра, обратите внимание на звучание музыкального инструмента.

Исполняется кюя: «Сары арка» и показ видео

Музыкальный руководитель: Какой характер музыки?

Дети: Светлый, жизнерадостный, стремительный, возвышенный.

Музыкальный руководитель: как вы думаете, почему композитор назвал свое произведение «Сары арка»?

Дети: Музыка как бы рисует бескрайние просторы яркой, красочной, золотой казахской степи и изображает движение.

Музыкальный руководитель: Какой инструмент исполняет кюю?

Дети: Домбра.

Музыкальный руководитель: Молодцы ребята, вы выполнили задание и получаете еще одну нотку, ну а теперь нам нужно продолжить путь, чтоб найти следующую нотку.

Дети проговаривают волшебные слова: - Колокольчик наш звени, и дорогу покажи /колокольчик звенит /

Музыкальный руководитель: ну, вот ребята, мы попали на джайлау, А что такое джайлау? Джайлау — летнее пастбище в горах. Ребята, а как вы думаете, хорошая песня может поднять настроение?

Дети: Да.

Музыкальный руководитель: а что, же еще может поднять настроение?

Дети: Игра.

Музыкальный руководитель: предлагаю вам отдохнуть и поиграть в веселую игру «музыкальная домбра и ее друзья»

Музыкальная игра «Музыкальная домбра»

Музыкальный руководитель: ну как, вам понравилась игра, вы очень дружные, веселые, но нам нужно продолжать путь дальше и найти еще одну нотку

Дети проговаривают волшебные слова: - Колокольчик наш звени, и дорогу покажи /колокольчик звенит /

Музыкальный руководитель: Ребята куда мы попали? А попали мы в музыкальный аул. Здесь живут добрые люди, и они очень любят петь. умеют играть на домбре и других инструментах, жители, очень любят собирать гостей, они гостеприимный народ.

Выходит бабушка Әжетай

Бабушка -Әжетай: здравствуйте внучата, добро пожаловать, как я рада видеть вас, проходите гости дорогие, куда путь держите?

Алдар косе: әжетай, моя домбра потеряла звук, и ребята мне помогают найти нотки, осталась последняя нотка.

Бабушка -Әжетай: да у меня есть то, что вы ищете. Но вы должны меня порадовать меня и сыграть на музыкальных инструментах. И тогда получите свою последнюю нотку.

Музыкальный руководитель: итак, ребята мы готовы справиться с этим заданием.

Музицирование: «Қамажсай» оркестр в исполнении детей.

Бабушка -Әжетай: ребята, спасибо вам, вы меня так порадовали, вот вам ваша нотка последняя.

Алдар косе: ребята о чудо свершилось, моя домбра вновь зазвучала, спасибо әжетай, спасибо и вам ребята.

Музыкальный руководитель: Молодцы ребята! Ну нам пора возвращаться в детский сад.

Бабушка: ой погодите вот испекла вам баурсаки, угощайтесь ..

Дети проговаривают волшебные слова: - Колокольчик наш звени, и дорогу покажи /колокольчик звенит /

Музыкальный руководитель: вот и закончилось, наше музыкальное путешествие. А о каком музыкальном инструменте вы сегодня узнали?

Вам понравилось музыкальное путешествие?

(Ответы детей)

Муз рук: как же весело мы с вами позанимались, правда ребята?

Но пришло время попрощаться.

Музыкальное прощание:

Дети и музыкальный руководитель поют:

Мы прощаемся сейчас,

Занимались просто класс

Пели, танцевали, весело играли.

Многое узнали

Музыкальный руководитель: Ребята, я вас попрошу в группе или дома нарисовать рисунки к этой истории, а завтра мы все вместе их рассмотрим. До новых встреч.

/Под весёлую музыку дети выходят из зала/



Кустаубаева Клара Науырзғалиевна,
БҚО, Ақжайық ауданы
Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасы Ақжайық ауданының
«Психологиялық – педагогикалық түзеу кабинеті» КММ
әдіскер

Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті мамандарына әдістемелік көмек

Психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің (ППТК) әдіскері мамандарға түзету-дамыту жұмыстарын жүргізуде келесі бағыттар бойынша әдістемелік көмек көрсете алады:

Нормативтік-құқықтық қолдау:

Мамандарды білім беру және инклюзия саласындағы нормативтік құжаттармен таныстыру.

Түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды түсіндіру.

Балаларды бағалау мен диагностика жүргізуге арналған құжаттарды рәсімдеу бойынша кеңес беру.

Оқыту және әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету:

Мамандарға арналған әдістемелік құралдар, бағдарламалар, жұмыс жоспарларын әзірлеу.

Түзету-дамыту сабақтарының құрылымы мен мазмұны бойынша ұсыныстар беру.

Жаңа педагогикалық технологиялар мен әдістерді енгізу бойынша семинарлар өткізу.

Мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру:

Логопед, дефектолог, психолог, музыкалық жетекші, тәрбиеші, дене тәрбиесі бейімдеу педагогі, әлеуметтік педагогтарға шеберлік сыныптары мен тренингтер ұйымдастыру.

Түзету және инклюзивті білім беру саласындағы заманауи тәсілдер мен әдістерді меңгеруге көмектесу.

Диагностикалық және түзету жұмыстарына қолдау көрсету:

Мамандарға балаларды психологиялық-педагогикалық зерттеу әдістерін қолдануда көмек көрсету.

Жеке даму бағдарламаларын (ЖДБ) құруға әдістемелік көмек беру.

Коррекциялық жұмыстардың тиімділігін талдау және нәтижелерін бағалауға көмектесу.

Ата-аналармен жұмыс жүргізуге бағыт беру:

Ата-аналарға арналған ақпараттық буклеттер, жадынамалар дайындау.

Ата-аналарға баланың дамуындағы ерекшеліктер мен оларды қолдау жолдары туралы кеңес беру.

Ата-аналарға арналған тренингтер мен кездесулер ұйымдастыру.

Психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің (ППТК) мамандарына әдістемелік көмек көрсету және жаңа әдіс-тәсілдерді үйрету маңызды процесс болып табылады. Бұл мамандардың кәсіби деңгейін арттырып, баланың дамуына сәйкес түзету жұмыстарын тиімді жүргізуге мүмкіндік береді. Міне, осы мақсатта қолданылатын әдіс-тәсілдер мен көмек көрсету жолдары.

Теориялық білім беру:

ППТК мамандарына білім беру бағдарламалары мен оқыту әдістері бойынша тренингтер ұйымдастыру.

Түзету жұмыстарында қолданылатын теориялық негіздер туралы лекциялар немесе вебинарлар өткізу.

Жаңа түзету бағыттары (мысалы, инклюзивті білім беру, арт-терапия, музыка терапиясы) туралы мәлімет беру.

Әдіс-тәсілдермен таныстыру

Құзыреттілікке бағытталған тәсілдер: Балалардың қажеттіліктеріне сәйкес әдіс-тәсілдерді қолдану.

Кейс-стадии әдісі: ППТК мамандарына нақты жағдайлар бойынша проблемаларды шешу жолдарын қарастыруды ұсыну.

Қолданбалы психология: Жеке балалармен жұмыс жасау кезінде қолданылатын психологиялық түзету әдістері мен тәсілдерін үйрету (логопедия, дефектология, психологиялық кеңес беру).

Практикалық жұмыстар мен семинарлар

ППТК мамандарына балалармен түзету жұмыстарының нақты әдістерін көрсету.

Шеберлік сыныптары мен практикумдар: Түзету жұмыстарында жаңа әдістерді қолданып, тәжірибе алмасу мақсатында тренингтер өткізу.

Жеке консультациялар: Әр маманның жеке сұрақтары мен мәселелерін шешуге бағытталған көмек көрсету.

Әдістемелік материалдар: Түзету жұмыстары үшін әдістемелік құралдар мен нұсқаулықтар ұсыну.

Білім беру ресурстарын құру және тарату

ППТК мамандарының пайдалануы үшін әдістемелік құралдар мен тапсырмалар жинақтарын әзірлеу.

Құжаттау және есеп беру: Әдістемелік материалдарды құрастыру, балалардың дамуын бақылау және есеп беру жүйелерін ұсыну.

Онлайн платформа: ППТК мамандарына әдістемелік көмек көрсету үшін онлайн ресурстар немесе форумдар ұйымдастыру, онда тәжірибелі мамандармен сұхбаттасу және талқылау жүргізу.

Әдістемелік қолдау және жаңашылдықты енгізу

Жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдер туралы ақпарат беру, оларды ППТК жұмысына енгізу жолдарын көрсету.

Жаңашылдықты енгізу: Заманауи психологиялық құралдар мен онлайн ресурстарды (мысалы, диагностикалық бағдарламалар) қолдануға көмек көрсету.

Кері байланыс пен бағалау:

ППТК мамандарының жұмысын бақылап, олардың тәжірибесін бағалау.

Әдістемелік қолдауды үнемі жаңартып, жаңа зерттеулер мен ұсыныстарды енгізу. Мамандардың өзара пікір алмасу үшін семинарлар мен кездесулер ұйымдастыру, олардың жұмыс нәтижелерін талқылау.

ППТК мамандарына әдістемелік көмек көрсету олардың кәсіби дамуын қамтамасыз етеді, сондықтан бұл жұмыс баланың дамуына жақсы әсер етеді. Мұндай көмек педагогтардың өздерін жаңалықтармен таныстыруына, тәжірибелерін жетілдіруіне және өзара ынтымақтастыққа ықпал етеді.



Батырова Акманар Орынбаевна,
Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Чапаев ауылы
Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасы Ақжайық
ауданының «Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» КММ
педагог-психолог
педагог-модератор

Мектеп жасына дейінгі балалардың зейінін дамыту

Мақсаты: Баланың зейінін тұрақтандыру және шоғырландыру қабілетін дамыту. Назарын бір тапсырмаға аудару дағдыларын жетілдіру. Ойын арқылы қабылдау және есте сақтау процестерін белсендіру.

Қажетті материалдар: Түрлі-түсті текшелер, суреттер, ойыншықтар, пазлдар.

Сабақ барысы:

1. Кіріспе бөлігі

Баланы жылы қарсы алып, көзбен байланыс орнату.

Қарапайым амандасу ойыны:

«Қолымызбен шапалақтайық!»

«Қолымызды жоғары көтерейік!»

Балаға «Бүгін біз көңілді ойындар ойнаймыз!» деп, сабаққа қызықтыру.

2. Негізгі бөлім

«Қозғалысты қадағалау» тапсырмасы

Мақсаты: Бала көзімен нысанды қадағалап, зейінін шоғырландыруға үйренеді. Қалай ойнауға болады?

Түрлі-түсті допты баяу домалатыңыз немесе қолыңызбен қозғалыңыз, бала оның қозғалысын қадағаласын.

Сабын көпіршіктерін үрлеңіз, бала олардың ұшуын бақыласын.

Жарық шамын қабырғаға бағыттап, қозғалтқанда, бала оның қозғалысына назар аударсын.

3. "Тыңда және тап" ойыны

Мақсаты: Есту арқылы зейінді дамыту.

Қалай ойнауға болады?

Түрлі дыбыстар шығарыңыз (қол шапалақтау, қасықпен үстелді ұру, қоңырау шырылдату).

Баладан сол дыбысты тауып, қайталатуды сұраңыз.

Дыбыс көзіне қарай бет бұруды немесе көрсетуін сұраңыз.

Бала қандай заттың жоқ екенін тауып айтуы керек (немесе көрсетуі керек).

4. "Судың ішінде не бар?" сенсорлық ойын

Мақсаты: Түйсіну арқылы зейінді дамыту.

Қалай ойнауға болады?

Бір ыдысқа су құйып, ішіне ұсақ ойыншықтарды салыңыз.

Баладан суға қолын салып, ішіндегі заттарды тауып, қолымен сипап көруін сұраңыз. Қай зат екенін болжап көруін сұраңыз.

5 тапсырма: «Түрлі дыбыстар» (Есту зейінін дамыту)

Шарты: Баланың жанында әртүрлі дыбыс шығаратын заттарды қолдану (қоңырау, шиқылдақ ойыншықтар). Дыбыстың қайдан шыққанын табуға көмектесу.

Мақсаты: Есту арқылы зейінді шоғырландыру.

6. тапсырма: «Қолмен сезіну» (Тактильді зейінді дамыту)

Шарты: Баланың қолына әртүрлі текстурадағы заттарды беру (жұмсақ ойыншық, тегіс пластик, түкті мата, доп).

Мақсаты: Қолмен сезіну арқылы зейінін дамыту.

7 тапсырма: «Қозғалыстағы зат» (Көру және назар аудару)

Шарты: Жеңіл допты балаға домалатып, оның назарын аудару. Егер бала өздігінен қозғалса, допқа қарай бағыттау.

Мақсаты: Қозғалыстағы нысанға назар аудару қабілетін жетілдіру.

8 жаттығу: «Қайталашы!»

Психолог 3-4 қарапайым қимылды көрсетеді (шапалақтау, қол бұлғау, секіру).

Балаға осы қимылдарды қайталау ұсынылады. Егер бала шатасса, оған көмек көрсетіледі. Қозғалысты қадағалау.

Мақсаты: Бала көзімен нысанды қадағалап, зейінін шоғырландыруға үйренеді. Қалай ойнауға болады?

Түрлі-түсті допты баяу домалатыңыз немесе қолыңызбен қозғалыңыз, бала оның қозғалысын қадағаласын.

Сабын көпіршіктерін үрлеңіз, бала олардың ұшуын бақыласын.

Жарық шамын қабырғаға бағыттап, қозғалтқанда, бала оның қозғалысына назар аударсын

9. "Тыңда және тап" ойыны

Мақсаты: Есту арқылы зейінді дамыту.

Қалай ойнауға болады?

Түрлі дыбыстар шығарыңыз (қол шапалақтау, қасықпен үстелді ұру, қоңырау шырылдату).

Баладан сол дыбысты тауып, қайталатуды сұраңыз.

Дыбыс көзіне қарай бет бұруды немесе көрсетуін сұраңыз.

Қорытынды бөлім

Қысқа тыныштандыру жаттығуын жасау («Көзімізді жұмып, терең тыныс алайық»).

Баламен жылы қоштасу («Саған бүгінгі ойындар ұнады ма?» деп сұрау).

Қосымша ұсыныстар:

Балаға қысым жасамай, оны мадақтау арқылы ынталандыру.

Қызығушылығына қарай тапсырмаларды бейімдеу.

Сабақты ойын түрінде өткізу арқылы зейінін дамыту.



Сапарбаева Сулушаш Маккамбевна,
Түркістан облысы, Жетісай ауданы
«М.Әуезов атындағы №31 жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
бастауыш сынып мұғалімі

Ұлттық тәрбие мен патриотизмді бастауыш сыныптан бастап дамыту

Кіріспе

Қазақстан Республикасының болашағы — өскелең ұрпақтың ұлттық рухы мен патриотизмінде. Ел болашағын қалыптастыруда ұлттық тәрбие мен патриотизмнің орны ерекше. Әсіресе, бұл құндылықтарды бастауыш сыныптан бастап дамыту маңызды, себебі дәл осы кезеңде баланың дүниетанымы мен тұлғалық қасиеттері қалыптасады.

1. Ұлттық тәрбие мен патриотизмнің маңызы

Ұлттық тәрбие – халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мәдениеті мен тарихын ұрпаққа үйрету үдерісі. Ал патриотизм — өз еліне деген сүйіспеншілік пен адалдық сезімі. Бұл екі ұғым бір-бірімен тығыз байланысты, себебі ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген бала өз Отанын құрметтеп, оны қорғауға дайын болады.

2. Бастауыш сыныптағы тәрбие жұмысының ерекшеліктері

Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай оларды тәрбиелеу тәсілдері де өзгеше болуы қажет. Балалар ойын арқылы, көрнекі құралдар мен шығармашылық тапсырмалар арқылы ақпаратты жақсы қабылдайды. Сондықтан ұлттық тәрбие мен патриотизмді дамытуда ойын элементтерін, көркем шығармаларды, мультфильмдер мен ертегілерді кеңінен қолдану керек.

3. Ұлттық тәрбие берудің әдіс-тәсілдері

- Мектеп бағдарламасына ұлттық мазмұндағы пәндерді енгізу;
- Танымдық экскурсиялар ұйымдастыру (музейлерге, тарихи орындарға);
- Ұлттық ойындар мен спорт түрлерін насихаттау;
- Мерекелік іс-шаралар, салт-дәстүрлерді көрсету;
- Қазақ халқының батырлары мен қайраткерлерінің өмір жолын таныстыру.

4. Патриотизмді қалыптастыру жолдары

- Қазақстан тарихын оқыту арқылы елдің өткені мен бүгінін таныстыру;
- Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге үйрету;
- «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында сынып сағаттарын өткізу;
- Әскери-патриоттық ойындар мен жарыстар ұйымдастыру;
- Отан қорғаушылармен кездесу кештерін өткізу.

Қорытынды

Ұлттық тәрбие мен патриотизмді бастауыш сыныптан бастап дамыту — еліміздің жарқын болашағының кепілі. Бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілсе, жас ұрпақтың бойында елге, жерге деген сүйіспеншілік пен адалдық сезімдері нығая түседі. Осылайша біз ұлтжанды, білімді әрі отансүйгіш азаматтарды тәрбиелей аламыз.



Сапарова Мария Орынбекқызы,
Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы
«№10 Асыл мұра жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі
ағылшын тілі пән мұғалімі

STEAM білім беру жүйесінде ағылшын тілінің рөлі

Кіріспе

Бүгінгі таңда білім беру саласында инновациялық әдістер мен тәсілдер кеңінен қолданылуда. Солардың бірі – STEAM (Science, Technology, Engineering, Arts, Mathematics) білім беру жүйесі. Бұл жүйе оқушыларды ғылыми-техникалық, инженерлік, өнер және математикалық салаларда жан-жақты дамытуды мақсат етеді. Мұндай кешенді білім беру тәсілі оқушылардың сын тұрғысынан ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, практикалық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы жүйеде ағылшын тілінің рөлі ерекше, себебі ол халықаралық ғылым мен технологияның, заманауи әдебиет пен мәдениеттің тілі болып табылады.

1. STEAM білім беру жүйесінің негізгі ұстанымдары

STEAM жүйесі пәндерді оқытуда интеграцияланған тәсілді қолданады. Мұнда пәндер арасындағы байланыс пен өзара әрекеттестікке баса назар аударылады. Оқушылар тек теорияны ғана меңгеріп қоймай, оны тәжірибеде қолдануды үйренеді. Жобалық және тәжірибелік жұмыстар арқылы оқушылар шынайы өмірдегі мәселелерді шешуге дағдыланады.

2. Ағылшын тілінің халықаралық ғылым мен технологиядағы рөлі

Ғылым мен технологияның дамуы көбінесе ағылшын тілінде жүргізіледі. Әлемдік деңгейдегі ғылыми мақалалар, патенттер мен зерттеулердің басым бөлігі осы тілде жарияланады. Халықаралық конференциялар, форумдар мен семинарларда да ағылшын тілі негізгі құрал болып табылады. Сондықтан оқушылардың ағылшын тілін меңгеруі оларға заманауи ғылыми жетістіктер мен технологияларға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

3. Ағылшын тілі арқылы шығармашылық пен өнер саласын игеру

STEAM жүйесіндегі «Arts» компоненті оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді. Қазіргі таңда көптеген заманауи өнер туындылары мен мәдени жобалар ағылшын тілінде ұсынылады. Театр, кино, музыка, дизайн, әдебиет саласындағы жаңалықтарды, әдістемелер мен үрдістерді түсіну үшін ағылшын тілін білу маңызды.

4. Ағылшын тілі – заманауи білім беру ресурстарына қолжетімділік

Интернетте көптеген білім беру платформалары, курстар мен материалдар ағылшын тілінде қолжетімді. Coursera, edX, Khan Academy, Udemu секілді платформалардан оқушылар тек теориялық білім алып қана қоймай, практикалық тапсырмаларды орындап, сертификаттар алуға мүмкіндік алады. Мұндай ресурстарды қолдану оқушылардың білім деңгейін арттырып, олардың жаңа дағдыларды меңгеруіне септігін тигізеді.

5. Ағылшын тілін меңгерудің кәсіби болашақтағы маңызы

Ағылшын тілін меңгерген түлектер болашақта халықаралық деңгейдегі жоғары оқу орындарына түсуге, шетелдік компанияларда жұмыс істеуге мүмкіндік алады. Әсіресе IT,

инженерия, ғылыми-зерттеу, шығармашылық индустриялар саласында ағылшын тілін білу кәсіби бәсекеге қабілеттілікті арттырады.

Қорытынды

STEAM білім беру жүйесінде ағылшын тілінің рөлі орасан зор. Ол оқушыларға ғылым мен техника саласындағы заманауи ақпараттарға қол жеткізуге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, болашақта кәсіби жолында табысты болуға көмектеседі. Сондықтан мектептер мен оқу орындары STEAM жүйесін енгізуде ағылшын тілін оқытуға ерекше көңіл бөлуі қажет. Білім беру бағдарламаларына ағылшын тілінде жүргізілетін пәндер мен жобалық жұмыстарды енгізу арқылы оқушылардың білім деңгейін жаңа деңгейге көтеруге болады.

Айғараева Назгүл Серікқызы,
Қызылорда облысы
"Orda school" жеке мектебі

Ғаламтор туралы ойларым. Аман мен телефон

Бөлім:	Тыңдалым және оқылым, жазылым	
Бөлімше:	1.2 Шығарманы мазмұндау 2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау 3.2 Түрлі жанрдың шығармашылық туындыларын құру.	
Ортақ тақырып:	Жақсыдан үйрен, жаманнан жейрен	
Мұғалімнің аты-жөні	Айғараева Назгүл	
Күні:	18.10.2024ж	
Сынып: 3	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Ғаламтор туралы ойларым. Аман мен телефон	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.1.2.1 Шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен, толық таңдауына қарай мазмұндау, сахналау 3.2.6.1* кейіпкердің портретін сипатта, оның іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып бағалау 3.3.2.1* шығарма кейіпкеріне хат ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту), өлең (төрт жолды) әңгіме(оқығаны, көргені бойынша) жазу	
Бағалау критерийі (сабақтың мақсаты)	Шығармаға жоспар құрып мазмұндайды Кейіпкердің іс-әрекетін бағалайды Шығармадағы кейіпкерге хат жазады, пікір білдіреді.	
Ойлау дағдылары	Білу және түсіну, қолдану, жоғарғы ойлау дағдылары	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	<p>Психологиялық ахуал: Мынау менің жүрегім Бәрі осыдан басталған Мынау басым ақылды, Бәрін осы басқарған Мынау менің қолым Мынау менің сол қолым Барлық істі атқарған</p> <p>Топқа бөліну «Таңдау» әдісі бойынша компьютер, модем, ұялы телефон суретінің бірін алу арқылы өтеді</p>	<p>Мұғалімді қайталайды</p> <p>Топқа бөлінеді.</p>	«От шашу» әдісі	Компьютер, модем, теледидар, ұялы телефон суреттері

<p>2 мин</p> <p>3 мин</p>	<p>I-Компьютер II-Телефон III-Модем</p> <p>Өткен сабаққа шолу: - Бата немесе өлеңнен үзінді жатқа айт.</p> <p>Оқу материалын жариялау -Қолдарыңдағы сурет туралы әңгімелеп беріңдер. -Ненің суреті? -Ол не үшін керек? -Қандай ерекшелігі бар? -Бұл техникаларды бір-бірімен жалғап тұрған не? Ғаламтордың пайдасы мен зияны туралы бейнебаян көреді. «Т» әдісі Бейнебаяннан не түсінгенін осы әдіс арқылы тексеремін, Мұнда оқушылар Т әріпінің бңр жағына ғаламтордың пайдасын, бір жағына зиянын жазады.</p> <table border="1" data-bbox="341 1133 732 1397"> <tr> <td>Пайдасы</td> <td>Зияны</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> </tr> </table>	Пайдасы	Зияны			<p>Ықтимал жауап. 1.Компьютер, телефон, модем 2. сөйлесу үшін, қағаз жазу үшін, 3.интернет пайдалану үшін</p>		<p>https://youtu.be/4NbBJW7-x-4</p>
Пайдасы	Зияны							
<p>Сабақтың ортасы 10 мин</p>	<p>Мәтінмен жұмыс.(дискрипті мәтін) Оқу сауаттылығы «Түртіп алу» әдісі. Мәтінді оқи отырып баланың орынсыз іс-әрекетін көрсететін сөйлемнің астын сыз, түсіндіріп дәлелде. Мұғалімнің көмегімен мәтінді бөліктерге бөлу, жоспар құру. Аманның мектептен келген кездегі іс-әрекетін көрсететін бөлікті табу. Ағасы мен Аманның арасындағы диалогты көрсететін бөлікті тап.</p>	<p>Мәтінді түртіп алып оқиды.</p> <p>Дискриптор: Мәтінді бөліктерге бөледі. Жоспар құрады. Мазмұндайды</p>	<p>1 балл 2 балл 2 балл</p>	<p>Оқулық</p>				

2 мин	<p>Уақытты ұтымды пайдалана алмай, ағайының ренішін көрсететін бөлікті тап. Жоспар: Аман мектептен келгенде Ағасының Аманға ақыл айтуы Ағайының реніші Жоспар бойынша мазмұндау</p>	Тыңдайды		Ақынның суреті және кітаптары						
2 мин	<p>Әдібай Табылды – ақын, жазушы, аудармашы. Әдібай Табылды 1926 жылы Жамбыл облысы Тұрар Рұсқұлов ауданы Жаңатұрмыс ауылында</p>			Кесте						
3 мин	<p>туған. Балаларға арналған Бөбекке сөз , Қайырлы таң, балалар және т.б жинақтары бар.</p>		3 балл	Стикерлер						
3 мин	<p>Сергіту сәті. Бұзық телефон. Ашық тапсырма Кестені толтыр.</p> <table border="1" data-bbox="293 981 769 1106"> <tr> <td data-bbox="293 981 450 1055">Аманның мінез-кұлықтары</td> <td data-bbox="450 981 606 1055">Аманға мінездеме бер</td> <td data-bbox="606 981 769 1055">Сен оның орнында не істер едің?</td> </tr> <tr> <td data-bbox="293 1055 450 1106"></td> <td data-bbox="450 1055 606 1106"></td> <td data-bbox="606 1055 769 1106"></td> </tr> </table>	Аманның мінез-кұлықтары	Аманға мінездеме бер	Сен оның орнында не істер едің?				Кестені толтырады.		
Аманның мінез-кұлықтары	Аманға мінездеме бер	Сен оның орнында не істер едің?								
5 мин	<p>Жабық тапсырма «Шындық, жалған» әдісі. Тақтаға шындық, жалған сөздері ілінеді. Оқушылар партаның үстіндегі стикердегі тапсырманы оқып, оны сәйкес бағанға орналастыр. Аман үлгілі оқушы Аман уақытты тиімді пайдаланады Ағасы Аманға ренішін білдірді Мектептен үш алып келді Үйге берілген тапсырманы уақытылы орындайды Аман жалқау, намыссыз бала</p>	Дискриптор: Тапсырманың жалған не шындық екенін ажыратады	Әр дұрыс жауапқа 1 балл							
5 мин	<p>Толық жауапты қажет ететін ашық тапсырма Кейіпкерге хат. Мұнда оқушылар Аманға іс-әрекетінің дұрыс емес екенін жазады.</p>	Дискриптор: Аман сенің ісің дұрыс емес. Сабақты оқуың керек Телефонды көп көрме								

<p>2 мин</p>	<p>«Дөңгелек стол» әдісі. Топқа бір парақ береді. Мұғалім Аманды порттеттеңдер дейді. Параққа бір оқушы осы тақырыпқа сай бір сөйлем жазады. Екінше оқушы оның жазғанын әрі қарай жалғастырады. Топтағы барлық оқушы солай жасайды. Соңында мәтін шығады. Оны бір оқушы оқиды. Сынып болып талқылайды.</p> <p>ЕБҚ оқушыға тапсырма. Кесте. Дұрыс жауапты көрсет</p> <table border="1" data-bbox="293 757 769 891"> <tr> <td></td> <td>Кітап оқу</td> <td>Ғаламторды көп көру</td> <td>Спортпен айналысу</td> </tr> <tr> <td>Зияны</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Пайдасы</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>		Кітап оқу	Ғаламторды көп көру	Спортпен айналысу	Зияны				Пайдасы						
	Кітап оқу	Ғаламторды көп көру	Спортпен айналысу													
Зияны																
Пайдасы																
<p>Сабақтың соңы 3 мин</p>	<p>Рефлексия: «Аяқталмаған сөйлемдер» әдісі бойынша өтеді. Бүгін мен.....білдім Маған.....қызықты болды. Мен.....не екенін түсіндім Оқу тапсырмасы: мәтінді мазмұндау.</p>	<p>Сабаққа кері байланыс жасайды.</p>	<p>ҚБ қойылады.</p>													



**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігінде тіркеліп, 2013 жылдың
30-желтоқсанында № 14080-Г куәлігі берілді**

**Зарегистрирован в Министерстве Культуры
и Информации Республики Казахстан, Комитете
информации и Архивов за № 14080-Г от 30.12.2013г.**

эл.почта: ou2020@mail.ru

тел: +7 705 444 8151